

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ**

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

Факультет деканы:

_____ доц. Тұрдыбаев Қ.
« _____ » _____ 2012ж.

**5220100-филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Құлмаханова Динаның
«Қазіргі қазақ тіліндегі үстеудің жасалу жолдары»
тақырыбындағы**

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Қорғауға рұқсат берілді

**Түркі филологиясы
кафедрасының меңгерушісі
_____ Адилова Г.**

Ғылыми жетекшісі:

_____ акад. А. Даулетов

НӨКІС-2012 жыл

Мемлекеттік аттестация комиссиясының

ҚАУЛЫСЫ:

5220100- филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)

бакалавр бағдарының 4-курс студенті Құлмаханова Динаның

«Қазіргі қазақ тіліндегі үстеудің жасалу жолдары»

тақырыбындағы- мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация

комиссиясы қаулысымен «_____» бағасы қойылсын.

МАК бастығы: _____

МАК орынбасары: _____

МАК мүшелері:

Ж О С П А Р Ы:

Кіріспе

1. Үстеулер туралы жалпы сипаттама
2. Үстеулердің зерттелу тарихы

Негізгі бөлім.

I. Қазіргі қазақ тіліндегі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған үстеулер

II. Қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған үстеулер

1. Қосарлану арқылы жасалған үстеулер
2. Бірігу арқылы жасалған үстеулер
3. Сөз тіркестері арқылы жасалған үстеулер

Қорытынды

КІРІСПЕ

1. Үстеу туралы жалпы сипаттама

Үстеу сөздер заттың әр қилы қимылы мен ісінің (етістіктің) әр түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй жайларын және сынның белгісін білдіреді. Ал қимылдың белгілері пысықтауыш мүше ретінде қолданылатын басқа есім сөздер мен етістік формалары (мысалы, көсемшелер) арқылы да білдіріледі. Бірақ белгілі жағдайда ғана пысықтауыш болып қызмет атқаратын ондай есім сөздер мен етістік формалары өздерінің бастапқы қасиеттерін жоймайды. Осы себептен пысықтауыш мүше болған сөздердің барлығы бірдей үстеу болуы шарт емес. Ол осы үйде тұрады және Мен мынау ауылдан пана таптым, енді орным осында деген сөйлемдерді алсақ, бірінші сөйлемдегі пысықтауыш үйде деген сөз болса, екінші сөйлемдегі пысықтауыш-осында деген сөз. Бірақ мағына жағынан бұл екі пысықтауыштың арасында елеулі айырмашылық бар: жатыс септігінде қолданылып пысықтауыш болып тұрған үйде деген зат есім тұрушының мекенін білдірсе, осында деген пысықтауыш жалпы түрде ғана хабарлап тұр. Екіншіден, үй деген зат есім жатыс септікте тұрып пысықтауыш болса, осында пысықтауышының бастапқы түбірі осы есімдігі болғанымен -нда қосымшасы оның табиғи бөлшегі болып тұрақталып, көнеленіп қалған. Сол қалпында ол тек пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

Сол сияқты, бірге бірді қосса, екі болады; бірге жасасып келгенмен, жақынға жақынның қасиеті бірден танылмайды деген сөйлемдердегі біргені салыстырсақ, екеуінің түрі бірдей болғанымен, мағынасы мен қызметі екі басқа. Олардың екеуінің де бастапқы түбірі- бір, екеуінің де қосымшасы- барыс септік жалғауы -ге. Бірақ бұл сөз мағына жағынан екі жарылып сараланған. Алғашқы сөйлемдегі бірге өзінің тура мағынасында қолданылып, толықтауыш болып тұр. Ол барыс септіктің нешеге? қаншаға? деген негізгі сұрауларына жауап береді. Ал екінші сөйлемдегі

бірге сөзі бастапқы мағынасынан алыстап, демек, объектілік мәннен адвербиалдық мағынаға көшіп, қимыл қалай жасалатындығын білдіреді. Ендеше алғашқы сөйлемдегі бірге деген сөз барыс септіктегі сан есім болса, екінші сөйлемдегі бірге деген сөз үстеу сөз болады.

Осылар тәрізді, бірден бірді кемітсе, ноль қалады; Қуаныш, қайғы бірден қысқан Жамалдың көзі бұлаудай дегендегі бірден сөзі алғашқы сөйлемде шығыс септіктегі зат есім (толықтауыш) болады да, екінші сөйлемде үстеу сөз (пысықтауыш) болады.

Осылайша мағына жағынан әуелгі төркіндерінен (мысалы: зат есімдердің, сын есімдердің, сан есімдердің, есімдіктердің қатарларынан) бөлініп, лексикалық мазмұны жағынан қимылдың алуан түрлі күй-жайларын білдіретін сөздер үстеуге жатады. Тіліміздегі Берге, бірде, бірден, кенеттен, лажсыздан, кейде, шалқасынан, жүресінен, зорға, жатқа, босқа, текке, қапыда, абайсызда, жөнімен, ертемен, алға, артқа, мұнда, сонда, осында сияқтанған үстеулердің барлығы да жоғарыдағыдай көнелену жолымен қалыптасқан үстеулер.

Қазақ тілінде осындай көнелену тәсілі арқылы біржолата үстеуге айналған немесе, мағына жағынан екі жарылып, сараланып, демек, бір жағынан, үстеуге айналса, екінші жағынан, өздерінің әуелгі лексикалық топтарының да (мысалы: есімдердің де) қатарында қалып жүрген сөздер көп. Мұндай сөздер, әсіресе, жатыс, шығыс, барыс, көмектес септіктердің формаларында жиі ұшырайды.

Есімдердің көнелену арқылы туған үстеулер сияқты, етістік формаларынан көнеленіп шыққан үстеулер де бар. Етістік түрлерінен көнеленіп шыққан үстеулер де көбінесе көсемше формаларымен түрлес келеді. Бірақ көсемше формада тұрған сөздердің барлығы да бірдей үстеу бола бермейді. Мысалы: Ол өзінен-өзі сөйлей кірді деген сөйлемдегі сөйлей деген сөз-үстеу сөз емес, көсемше. Өйткені сөйлей, сөйлеп деген көсемшелер жіктік жалғауды тікелей қабылдап, сөйлемде дара тұрып та,

басқа көмекші етістіктермен тіркесіп те, құрмалас сөйлемнің бағыныңқысының баяндауышы да, немесе, сөйлемнің жай пысықтауыш мүшесі де бола алады. Көсемшелерде жалпы етістікке тән шақтық, амалдық және басқа қасиеттер болады. Сондықтан бұл сияқты көсемшелер үстеу емес, етістіктің нағыз көсемше формалары болып есептеледі.

Ал аздап, аз-аздап деген сөздерден сөйлей, сөйлеп деген сөздердің қасиеттері табылмайды. Өйткені аздап, аз-аздап деген сөздерге тікелей жіктік жалғаулары жалғанбайды, олар жай сөйлемде де, құрмаластың бағыныңқысының да баяндауышы болып қызмет атқармайды, бұл сөздерде де етістіктерге тән шақтық және басқа қасиеттер жоқ. Бұлар сөйлемде тек пысықтауыш болып қана қызмет атқарады да, аздан, азғана, аз-аздан, аздан-аздан, азғана-азғанада деген сияқты мағынаны білдіреді. Оның бер жағында, етістікке жалғанатын болымсыздық жұрнағы –ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе бұларға қосылмайды.

Етістіктермен төркіндес болып келетін (көсемше формалар) үстеулер де тек мағына жағынан ғана емес, қызметтері жағынан да көсемшелерден алыстап кеткен сөздер болады. Мысалы: қайта, қайра, қайтара, жағалай, айнала деген көсемше түрлес үстеулерден қайтадан, қайрадан деген сияқты туынды жана үстеулер жасалады. Кейде олар айналаң, айналасы деген сияқты түрде тәуелденіп те келеді.

Көсемше формадағы сөздің екі рет қайталануы я синонимдес көсемшелердің қосарлануы арқылы үстеу тудыру тәсілі-аса құнарлы жолдың бірі. Мысалы: Адам көре-көре көсем болады; сөйлей-сөйлей шешен болады; Айтып айтып өтті қарт, Көнбеді жұрт не лаж?

Осындай көсемше тұлғада қосарлану арқылы жасалған үстеу сөздерге кие-жара, жата-жастана, сүріне-жығыла, ұрмай-соқпай, жатпай-тұрмай, ойнап-күліп, билеп-төстеп т.б. сөздер жатады.

Сонымен, үстеу сөздер деп морфологиялық жағынан түрленбейтін, лексика-семантикалық жағынан өз алдына топ болып қалыптасып, сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздерді айтамыз.

Үстеулер де сөйлемдегі өзге сөздермен белгілі қарым-қатнасқа түсіп, қызмет атқарады. Олардың өздеріне тән тиісті синтаксистік қызметтерін тану үшін, біріншіден, үстеулердің сөйлемде қандай мүше болатындығын, екіншіден, үстеулердің қандай сөз таптарымен тіркесетінін, үшіншіден, үстеулердің сөйлемдегі орнын білу қажет.

Үстеу сөздерді морфологиялық құрылысы мен құрамы жағынан екі топқа бөлуге болады: 1) Негізгі үстеулер. 2) Туынды үстеулер.

Негізгі үстеулер деп қазіргі кезде морфемаларға бөлшектеуге келмейтін, тек белгілі бір формада қалыптасқан сөздерді айтамыз.

Негізгі үстеулерге мынадай сөздер жатады: әрең, азар, әдейі, жорта, қасақана, ұдайы, үнемі, дереу, шапшаң, бағана, қазір, енді, ілгері, жоғарғы, төмен, әрі, бері, кері, әрмен, бермен, ерекше, орасан т.б.

Сонымен, негізгі үстеулердің көпшілігі тарихи жағынан ерте кездерде әр түрлі формаларда көнеленіп қалыптасқан туынды сөздер болған. Негізгі үстеулердің мынадай үш түрлі ерекшеліктері бар:

1. Негізгі үстеулердің көпшілігінен шырай категориясы жасалады. демек, оларға -рақ, -рек, -лау, -леу жұрнақтары жалғанады, алдынан шырай туғызатын өте, аса, тіпті, мейлінше, қабағат сияқты күшейіткіш үстеулер қолданылады. Мысалы: бұрын, бұрынырақ, бұрындау, тым бұрын, кейін, кейінірек, кейіндеу, өте кейін, әрменірек, тіпті әрмен.

2. Негізгі үстеулердің кейбіреулері қосарланып та, плеонизм жолымен қабаттасады да қолданылады. Мысалы: құр босқа, текке, босқа, бос бекерге, құр бекер, бекерден-бекер, бостан-бос, құрдан-құр т.б.

3. Негізгі үстеулерден қосымшалар арқылы да, қосарлану арқылы да, басқа сөздер мен тіркесіп те, туынды үстеулер жұмсала береді.

Мысалы: әрең, әрең-әрең, азар-азар, азар деп, әдейілеп, ұдайылап, әрі-бері, бұрынды-соңды, ілгері-кейін, енді-енді, кейінде, ендігәрі т.б.

Туынды үстеулер деп басқа сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы, сөздердің бірігу және қосарлану тіркесу тәсілдері арқылы сондай-ақ, кейбір сөз тіркестерінің тұрақтануы арқылы жасалған (я үстеуге айналған) үстеулерді айтамыз.

Құрылысы мен құрамы жағынан туынды үстеулер екі топқа бөлінеді: а) жалаң туынды үстеулер; ә) күрделі туынды үстеулер

1. Жалаң туынды үстеулер. Түрлі қосымшалар арқылы жасалған үстеулерді жалаң туынды үстеулер дейміз. Олар қандай қосымшалар қосылса да, сыртқы формасы жағынан бір сөз болып келеді. Бірақ жалаң туынды үстеулерге жалғанатын қосымшалар екі түрлі болады: біреулері жұрнақтар арқылы жасалады да, біреулері әр түрлі жалғаулардың көнеленуі арқылы үстеуге айналады. Жеке-жеке қарағанда олар төмендегідей:

Жұрнақтар арқылы жасалатын жалаң үстеулер. Бұлар арнаулы жұрнақтар арқылы жасалады. Ондай үстеу тудыратын жұрнақтар мыналар:-ша, -ше, -лай, -лей, -дай,-дей, -тай,-тей, -қары, -кері, -лап, -леп, -дап,-деп, -тап, -теп т.б.

Көнеленген формалар арқылы туған жалаң туынды үстеулер. Оларға бір алуан сөздердің белгілі бір септік жалғау формасында әбден қалыптасып, бір-бірінен бөлінбейтіндей болып көнеленген сөздер жатады. Осындай көнеленген қосымшалар төркіндері септік жалғауларынан болғандықтан, сыртқы тұлғасы жағынан сол септіктердің жалғауларына ұқсас келеді.

Септелу қашан да болсын есімдерге тән қасиет болғандықтан, мұндай үстеулер кейбір септік жалғауларының көнеленуінің нәтижесінде көбінесе есімдерден туады.

а) Барыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: зорға, босқа, текке, жатқа, бекерге, әреңге, алға, артқа, бірге, кешке, ертеңіне т.б.

ә) Жатыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: алда, артта, аста, үсте, кейде, қапыда, күнде, лезде т.б.

б) Шығыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: шалқасынан, етпетінен, төтеден, кеңінен, қырынан, келтесінен, басынан, әуелден т.б.

в) Көмектес септіктің көнеленуінен туған үстеулер: кезекпен, шынымен, қалпымен, жайымен, ретімен.

II. Күрделі туынды үстеулер. Күрделі туынды үстеулер деп екі сөзден бірігіп, я қосарланып жасалған немесе кемі екі я оннан да көп сөздерден тіркесіп тұрақтанған үстеулерді айтамыз. Осыған қарай, күрделі туынды үстеулер үш түрлі жолмен жасалады.

1) Басқа сөз таптарына тән сөздер бірігудің нәтижесінде үстеулерге айналады. Ондай үстеулер мыналар: бүгін, биыл, иаңертең, жаздыгүні, әрқашан, бірқатар т.б.

2) Сөздердің қосарлануы арқылы туған үстеулер мынадай: әрең-әрең, енді-енді, зорға-зорға, қолма-қол, көре-көре, анда-санда, оқтын-оқтын, сөйлей-сөйлей т.б.

3) Жазуда бөлек таңбаланып, мағына жағынан бір сөз ретінде қолданылатын грамматикаланған және идиомаланған тұрақты тіркестер-оларды екі салаға бөлуге болады. Грамматикаланған және лексикаланған тіркестер: күні кеше, күні бүгін, ілгері, ала жаздай, алдын ала, соңын ала, келе сала, алдын ала, кітапқа бола т.б. Идиомаланған тұрақты тіркестер: қас пен көздің арасында, аяқ астынан, түн баласында, елден ала бөтен т.б.

Үстеулердің мағыналары да түрлі-түрлі болады. Кейбір үстеу сөздер сөйлемде қолданылу ерекшелігіне қарай, әлденеше мағынаны білдіреді. Үстеу сөздер мағынасына қарай топтастырғанда мынадай сегіз топқа бөлінеді: 1)Мезгіл үстеулер. 2) Мекен үстеулер. 3)Мөлшер үстеулер.

4)Сын (я бейне) үстеулері. 5)Күшейту (я ұлғайту) үстеулері. 6) Мақсат үстеулері. 7) Себеп-салдар үстеулері. 8) Топтау (я бөлу) үстеулері.

Мезгіл үстеулері қимылдың, қозғалыстың, жалпы мезгілін және дәл уақыт мерзімін білдіре келіп, қашан, қай уақытта, қашаннан, деген сұрауларға жауап беріп, істің не болатынын, не болып жатқанын көрсетеді: бүгін, былтыр, биыл, ертең, таңертең, кеше, күндіз, күндізгі, күні-түні, қысы-жазы, анда-санда, оқта-текте, енді-енді, ала жаздай т.б.

Мезгілдік үстеулер тұлғасына қарай негізгі түбірлі, туынды түбірлі, біріккен түбірлі, қос сөзден және сөз тіркестерінен жасалады. Мысалы: жаңа, кеше, бүгін, қысы-жазы, күні бүгін.

Мекендік үстеу қимылдың мекенін, орнын, бағытын білдіреді.Қайда, қайдан, қалай, деген сұрауларға жауап береді: ілгері, кейінде, әрмен, бері, асқа, үске, сонда, былай, алда т.б.

Мөлшер үстеулері түрлі қатынасты я жалпылап, я мөлшерлеп немесе қимылдың және сынның я теңдік, я кемдік дәрежесін білдіреді де қанша, қаншалық, нешелеп, қаншалап, сияқты ғана сұрақтарға жауап береді. Мөлшер үстеулеріне мынадай сөздер жатады: оншама, мұншама, бірталай, сондайлық, сонша, бірен-саран т.б.

Сын (бейне) үстеулері қимылдың алуан түрлі сапасын, тәсілін (істелу жолын), бейнесін білдіреді де қалай, қайтіп, қалайша, кімше, неше, (не сияқты,) тәрізді сұрауларға жауап береді. Бұл бай топқа мынадай үстеулер жатады: осылай, осылайша, бірте-бірте, ойша, бұрынғыша, өзінше, кезек-кезек, әрең-әрең, келе сала, билеп-төстеп т.б

Күшейту (я ұлғайту) үстеулері заттың сынын, қимылдың өзін немесе түрлі мөлшерін, көлемін я аса күшейтіп, я аса солғындатып көрсетеді де, қалай, қандай, деген сұрауларға жауап береді. Бұл топқа мына үстеулер жатады: ең, әбден, ылғи, кілең, сәл, өңкей, тіпті,тым, нақ, нағыз, нық, әнтек, мүлдем, дәл, керемет, өрен, аса, өте т.б.

Мақсат үстеулері қимылдың мақсатын білдіреді. Мақсат үстеулері өзге топтарға қарағанда сан жағынан аз топтың бірі. Мысалы, бұларға мынадай сөздер жатады: әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана. Бұлардан басқа мақсат үстеулері көбінесе аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Мысалы: кітапқа бола, оқуға бола т.б.

Себеп-салдар үстеулері амалдың себебін я салдарын (нәтижесін) білдіреді. Оларға мынадай үстеулер жатады: жоққа, босқа, құр босқа, бекерге, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан. Бұлардан басқа көсемшелердің қайталануы арқылы жасалатын сөйлей-сөйлей, көре-көре, оқи-оқи т.б. үстеулер көбінесе осы топқа жатады.

Топтау (я саралау) үстеулері амалдың және басқа қарым-қатынастың бірігу арқылы істелгенін немесе, керісінше, жекеленіп істелетіндігін білдіреді. Бұл үстеулер нешеден, қаншадан, нешеуден, қалай-қалай сияқты сұрауларға жауап береді. Мысалы: екеулеп, үшеулеп, он-оннан, аз-аздан, көп-көптен, топ-тобымен т.б.

Сөйтіп, үстеулердің ішіндегі сан жағынан ең көбі сын я бейне үстеулері, онан кейінгісі мезгіл, мөлшер, мекен, күшейту үстеулері. Ал өзге топтанмен салыстырғанда мақсат үстеулері мен себеп-салдар үстеулері анағұрлым аз.

Сөз табының бірінен саналатын үстеудің жасалу жолы әр түрлі амалдардың негізінде жүзеге асады. Мұндай амал-тәсілдерді өзара салыстырып қарағанда, олар үлкен екі арнаға жіктеледі: синтетикалық тәсіл және аналитикалық тәсіл. Бұлардың қайсысы да үстеу сөз табын туындатуда өзіндік қызмет атқарады. Үстеудің жасалу барысын түбір негізбен байланыстыратын болсақ, бұл ретте оның әр сөз табы негізінде өрбіп отыратындығын байқаймыз. Мәселен, қыста, күзде тәріздес үстеу сөздер зат есім негізінде қалыптасқан. Осы сияқты басқа сөз таптары арнасында да түрліше амал-тәсілдердің қатынасуымен үстеулер жасалып отырады.

Біз бітіру мамандық жұмысымызда қазақ тілінде үстеулердің жасалуы жолдарын қазақ халқының ұлы жазушысы М.Әуезовтің «Абай жолы» романы мысалдары негізінде үйренуді өз алдымызға мақсат етіп қойдық.

Үстеулердің синтетикалық тәсілінде түрліше жұрнақтар қатысатын болады. Олар үстеу жасаудағы икемділігіне қарай біркелкі бола бермейді: біреулері үстеу сөзжасамында көбірек қолданылса, енді біреулері өз жұмсалады. Осыған орай үстеу сөзжасамы жұрнақтарының қызметі сараланады. Бұл ретте, мысалы, -дай, -дей, -ша, -ше, -лап, -леп тәріздес жұрнақтар активті қызметке ие болса, -ең, -ау, -еу түрлері жайында мұны айтуға болмайды.

Ал үстеудің аналитикалық тәсілі жеке сөздердің қосарлана және біріге жұмсалуы негізінде жүзеге асады. Сондай-ақ мұнда жеке сөз тіркестері де айрықша қызметке ие болады. Аналитикалық тәсілдің осы аталған жолдары негізінде де тілімізде көптеген үстеу сөздер жасалып жатады. Бұлайша жасалуда жеке сөздердің қалайша қолданылуы өзіндік әсер етеді. Мысалы, қосарлану арқылы жасалған үстеу сөздерде бірде бір түбірлес сөздер қайталана қолданылса, енді бірде екі түбірлес сөздер қосарлана жұмсалады. Соңғысында жеке түбір сөздер мәндік қолданысы жағынан әр қилы болып отырады; бірде олардың бір сыңары мұндай қасиетке ие бола алмайды. Енді бір қолданыста қосарланған екі түбір сөздің де мәні түсініксіздеу болып жатады.

Екі сөздің бірігуі арқылы жасалған үстеулердің де табиғатында өзіндік заңдылық байқалады. Бір үстеу сөздер құрамы жағынан әбден бір-біріне сіңісіп кетсе (бүгін, биыл), енді біреулері өзінің әр құрамындағы сипатын танытып тұрады (ауызек, таңертең). Сондықтан мұндай құбылыстарды да өзара саралап отыруымыз керек.

Үстеулердің аналитикалық тәсілінде біразы сөз тіркесі негізінде жасалатын болады. Бұл ретте көбінесе бір сөз табы негізгі ұйытқы болады да, күрделі үстеулердің жасалуына жағдай жасайды: әр жақта, әруақытта.

Үстеулердің сөзжасамында жұрнақтардың қызметін бір жақты қарамауымыз керек. Өйткені олардың қайсыбірі ыңғайына қарай әрі синтетикалық, әрі аналитикалық жолдардың екеуіне де бірдей ортақ болып қатынаса береді. Осылай бола тұрса да, мұндай жұрнақтар синтетикалық тәсілде ең негізгі қызмет атқарса, аналитикалық түрінде тек көмекші мәнге ие болады. Мұнда ең басты қызмет сөздердің қосарлана және біріге айтылу заңдылығынан шығып жатса, сол тәсілді бекіте түсуге жұрнақтар да қатынасып отырады. Олардың әр алуан түрлі қызметі үстеулердің сөзжасамын жеке-жеке өзара саралай талдағанда ғана айқын ашылатын болады.

2. Үстеулердің зерттелу тарихы

Ең бір күрделі, әрі даулы сөз таптарының бірі -үстеулер. Сондықтан да тілде үстеулер мәселесі назардан тыс қалды деуге болмайды. Бұл жайында айтылған пікірлер мен бірнеше ғылыми зерттеулерді кездестіреміз. Үстеулер мәселесі ХІХ ғасырдағы түркі тілдеріне арналған грамматикаларда көрініс тауып жүрді. Мәселен, үстеулер туралы пікірлер И.Гиганов, М.А.Казем-бек, Г.М.Мелиоранский, А.М.Щербак, А.Н.Харитонов, А.Н.Кононов, И.И.Мещанинов, А.Н.Боровков, Н.А.Баскаков еңбектерінен орын алды.

Ал қазақ тілінде көрнекті ғалым А.Байтұрсынов үстеу сөздерді о баста шылау сөздердің құрамында демеу, жалғаулық, одағай сөздерінің қатарына қосып, оған: «... сөз үстіне қосылып сөздердің мағынасын толықтыратын сөздерді үстеу дейміз»- деген анықтама береді. Ғалым кейінірек үстеуді жеке сөз табы ретінде бөлек атап, оған былайша анықтама береді: «Үстеу дейміз- сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді». А.Байтұрсынов үстеуді бес мағыналық топқа бөледі. Олар: 1) нықтаулық; 2) сынаулық; 3) өлшеулік; 4) мезгілдік; 5) мекендік.

Профессор С.Аманжолов «Үстеу дегеніміз - істің қимылын, белгісін, мезгілін білдіретін сөз»- деген түсінік береді. Ғалым оларды қызметіне қарай екі топқа бөледі: «етістікпен тіркесетін етістік үстеулер және есімдермен тіркесетін есім үстеулер». С.Аманжолов етістік үстеулерге қолма-қол, дәл, кеше, бүгін т.б. үстеулерді жатқызса, ал есім үстеулерге орасан, тым, тіпті т.б. сөздерді жатқызады .

Үстеу туралы арнайы еңбек жазған- профессор А.Ысқақов. А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер» атты еңбегі бар. Бес тараудан тұратын бұл еңбектің I тарауында үстеулердің зерттелуі мен оқытылуы, II тарауда үстеулердің сөз табы ретіндегі өзіне тән белгілері, сын есім мен үстеудің ортасында жүрген аралық сөздер мен үстеу құрамындағы кейбір көнерген қосымшалардың қолданылуы қарастырылған. III тарауда үстеудің мағыналық топтарына тоқталса, IV тарауда үстеулердің морфологиялық белгілерін, туынды үстеулердің жасалу жолдарын, үстеудің шырай формаларын, үстеу жасайтын басқа да сөз таптарының қызметі туралы сөз етеді. V тарауды «үстеулер синтаксисі» деп атап, оны үш салада қарастырады: 1) үстеулердің сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалуды, 2) үстеулердің басқа сөз таптарымен тіркесу дәрежесі, 3) үстеулердің сөйлемдегі орны. Ғалым біріншіден, үстеулердің сөйлемде пысықтауыш, анықтауыш, баяндауыш қызметте жұмсалатынын дәлелдейді. Екіншіден, үстеулердің басқа сөз таптарымен тіркесу қабілеті қандай деген сұраққа олардың етістіктер, сын есімдер, есімдіктер және зат есімдермен тіркесін атайды. Сондай-ақ үстеулердің мағыналық топтарының аталған сөз таптарының қайсысымен тіркесе алатынына да тоқталады, А.Ысқақов үстеулердің сөйлемдегі орны туралы былай дейді: «үстеулер сөйлемде көбінесе пысықтауыш пен анықтауыш қызметін атқарып, өзі қатысты болып тұрған сөздің алдында тұрады¹».

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1991ж. 343-б.

Үстеуді арнайы зерттеген ғалымдардың бірі - Е.Саурықов. Е.Саурықов «Адвербиалдану процесінің құрылымдық-семантикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертация жазды. Онда үстеу сөз табының лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық белгісі, синтаксистік қызметі сияқты белгілерін жалпы түркі тілдерінің материалдары негізінде сипаттайды. Еңбекте үстеулердің пайда болуы мен тарихы қалыптасу жолдарын диахрондық әдіспен зерттеу нәтижесінде олардың тілдік жүйедегі орны, даму деңгейі көрсетіледі

Үстеулер мәселесін арнайы қарастырған- Ә.Ыбырайым. Ол үстеулердің тілдік қолданысқа байланысты ішінара морфологиялық өзгерістерге ұшырау құбылысының грамматикалық ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Жалпы үстеу сөз табының бойында болып жатқан әр түрлі лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік қасиеттері туралы ғылыми түсінік береді. Ғалым сондай-ақ үстеулердің барлық есім сөз таптарына тіркесе беретіндігін жан-жақты дәлелдейді.

Бітіру мамандық жұмысы кіріспе, негізгі екі бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

II. Қазіргі қазақ тіліндегі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған үстеулер

Сөзжасам саласында үстеудің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы әр қилы болып келеді. Өйткені бұл сөз табының қалыптасуына түрліше жұрнақтар қатысады. Мұндай жұрнақтар үстеудің туындауында үстеу сөз табының өзіне не болмаса басқа сөз таптарына жалғанады. Бұл ретте, әсіресе соңғы жолдың қолданысы күшті болады. Өйткені арнайы бір қосымшалар белгілі сөз таптарына жалғану арқылы енді оларды басқа бір сөз таптарына айналдырып жібереді. Сөзжасам жұрнақтарының басты бір қызметі осындай қасиетімен айқындалады.

Сөзжасам жайында сөз қозғалған әдебиеттерде бұл мәселе сөз таптарының ыңғайында әңгіме болады, ал енді қайсыбірлерінде сөз таптарының аясында сөзжасам жұрнақтар жеке-жеке саралай көрсетіледі. Осы соңғы әдісті дұрыс деп санаймыз, өйткені бұдан басқа сөз таптары тәріздес, үстеудің де жасалу жолдарын жеке жұрнақтар төңірегінде жүргіздік. Бұл салада бір жұрнақтар үстеу қызметінде молынан жұмсалса, енді біреулері өте аз мөлшерде қолданылады. Осындай сипаттарына байланысты оларды әдеттегідей өнімді және өнімсіз жұрнақтар деп қарауға болады. Біз ең алдымен «Абай жолы» романындағы солардың өнімді түрлерін қарастырмақпыз. Сондай-ақ бұл жұрнақтардың қай сөз табымен келетінін де саралай отырамыз.

Кейбір үстеу сөздердің мағыналарын айқындау кейде қиын соғып жатады. Сондықтан да қиындықтық бұл түрінен арылу үшін қосымшалы кез келген сөздердің мағыналарын айқындауда олардың екі түрлі қарым-қатынастарына назар аударатын боламыз: сөздердің бастапқы түбір қалпы мен оларға жалғанатын жұрнақтардың өзаралық мағыналық қарым-

қатынастары. Бұл жайтты өз еңбегінде проф. Э.В. Севортян өте орынды айтқан².

Үстеулердің өздеріне тән айырым синтетикалық жолдарын айтпас бұрын септік жалғауының ыңғайында келген үстеу сөздерге тоқтала кеткен жөн. Өйткені мұндай сөздер былай сырт қарағанда түбір және қосымша морфемаларға ажыратылып тұрғанмен, сол қалпында тұтасымен үстеулердің табиғатын танытады. Осы тәрізді сөздер кеңістік қатынастаға септік жалғауларында (бірге, босқа, зорға, демде, анада, бозалаңда, бірден, кенеттен, түнімен) келіп, әр мәнді үстеу сөз таптарын құрап тұрады. Мұндағы қосымшалар бір кезде септік жалғаулары болып танылғанымен, осындай қолданыста енді сөзжасам аффиксіне айналып кеткендігін аңғартады. Осындай қосымшалы сөздер жайында Н.К.Дмитриев кезінде төмендегідей ой білдірген. Басқа тілдер тәріздес, башқұрт тілінде де үстеудің түрлері өзге сөз таптарынан бастапқы сөз өзгерту қызметінен бүтіндей ажырап, өлі формаларға айналып кеткен көрсеткіштер арқылы толығысып отырады. Мұндайда бір септік жалғаулары айрықша мәнге ие болады. Олар өздері жалғанған түбір сөздің мәнісінен ажырап, жаңа сөз жасауға себепші болады да, тек этимологиялық тұрғыдан ғана негізгі зат есімдермен байланысып жатады³.

Міне, бұл айтылған заңдылықтың қазақ тіл біліміне де тікелей қатынасы бар. Септік жалғауларының ыңғайында жұмсалған үстеу сөздер осындай қасиетімен танылады. Проф. А.Исқақов осындай құрылыстағы үстеулердің көрсеткішін жартылай аффиксті деп қарайды⁴. Қалай болғанда да бұл қосымшалар түбір сөздермен кірігіп кетіп, әр мәнді үстеулерді жасауға ерте кездің өзінен-ақ ат салысқан. Соларды жекелей сараласақ, олардың көрінісі төмендегідей болып келеді.

² Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1966. с.

³ Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. М., Л., 1968. С. 117

⁴ Исқақов А. Наречие в современном казахском языке. Алма-Ата 1984. С. 67

-да// -де /-та//-те/.

Сөзжасамның осы көрсеткіші үстеу, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сөз таптарына қосылып көбінесе мезгілдік, сондай-ақ мекендік ұғымдағы үстеулердің қалыптасуына себепші болған. Қолдағы жиналған материалдар бұл сөзжасам аффиксінің көбінесе үстеу сөздердің өзіне жалғанатындығын аңғартып отыр. Бұдан түбір сөздердің өзі үстеулік мәнде болып, қосымшалардың қосымша, үстемелік қызмет атқарып тұрғандығын байқаймыз.

Үстеу сөздің өзінен пайда болған үстеулер. Мұндай үстеу сөздердің негізі мезгілдік ұғымда (кеше, бүгін, қазір, әзір, ақыры, ерте, жаңа т.б.) жұмсалып, өзімен біте қайнасып кеткен қосындыны да осындай мәнде болуға бағыштап тұрады. Мысалы: Үлкен айдынмен үркіте, шошыта келген қалың қайрат, қара бұлттай қатты ашу **қазірде** қайта серпіліп, уақытша сабасына түскендей болды. Абай ойланған кісі сияктанып, аз үндемей отырып барып, **ақырында** тамағын қырынып алды да, -Әке сенгеніңізге рақмет!-деді (264.1). **Жаңада** ғана кетті (502.2).

Кейде осы көрсеткіш басқа сөзжасам аффиксінен кейін мекен сатылап барып та жалғанады: **Ертеректе** осы өлкені мекен еткен ағайынды екі жігіт болады.

Зат есімнен пайда болған үстеулер. Бұл тәріздес үстеулер болған оқиғаның мекен, мезгіл мөлшерін білдіріп тұрады. Мысалы: **Өмірде** қадір тұтар замандасымның бірі боларсың! деп байлады (415.1).

Сын есімнен пайда болған үстеулер. Мұндайда сөздің түбір қалпы сын есімдік мәнде келеді. Алайда мағыналық үндестігі жағынан кейде мұндай сөздер үстеулермен астарласып жатады. Мысалы, Мен байдан **баяғыда** күдер үзген кісімін (430.1).

Есімдіктен пайда болған үстеулер. Үстеулердің бұл түрінде сөз түбірі есімдік болады да, -да/-де қосымшаларының әсерімен енді олар мезгілдік ұғымдағы үстеу сөз табын жасайтын болады: Аанада, ондайда Мысалы:

Анада өзі барған Құлыншақ та жоқ (120.1). **Бұнда** осыдан сегіз жыл бұрын болған, әлгі сұмдық апат жер сілкінуден соң бақша ағаштары қайта егілген (581.2). Үшеуінің ауылдарындағы бар киіз үйді **осында** әкеп тігіндер (60.1). Білмеймін, **әсте**, бүйтіп тоңып көрмесем керек еді (475.1). Соңғы мысалдағы **әсте** үстеуі ешқашан деген мағынадағы есімдік арқылы жасалған.

Негізгі сан есім арқылы жасалған үстеулер тілімізде өте аз кездеседі. Бұл ретте бір сан есімі арқылы келген үстеулерді атауға болар еді: Әр сөзін бөліп, **бірде** қатты, **бірде** сыбырмен айтып, қылғынып, демігіп отырып (36.1).

-ында// інде түрінде келген үстеулерді түбірлік жағынан саралай келсек, бұлардың да әр түрлі сөз таптарынан жасалатынын байқаймыз.

Зат есім арқылы. Басқа сөз таптарына –нда көрсеткіші жалғану арқылы енді мұндай сөздер сын-қимыл, мекен, мезгілдік сипат алып, үстеу қатарынан танылады. Мысалы: **Басында** Құтжан өлген соң,, осы көктемде жұрт Жексенді кінәлай бастады (26.1). **Тегінде** Шыңғыстың асыл шөбі-мық жусан (63.1).

Үстеу арқылы. Түбір сөз үстеудің өзінен болады да, -нда арқылы қосымша мән алады. Кәмшатты көтеріп, еркелетіп ойнап жүреді де, **ақырында** әжесіне әкеп береді (69.1). **Ертеңінде** тігілген үш үйдің алдыңғысында ел қазағы жоқ (395.1). **Артында** біреу өкшелеп қуып келеді (71.1). Ол бұл Арқаға **беріде** келген (232.1).

Есімдік арқылы: Үйдегі стол, орындықтарды да **осында** келтірген еді (656.2). Өлеңің оттан да ыстық боп тұрған жоқ па! Жакпайды **бұнда!**-деп, сәл ғана күрсінді (589.1).

-ға, -ге, (-қа, -ке).

Тұлғасы жағынан сырттай қарағанда, бұл көрсеткіш те бір кезде барыс септігі болып танылғанмен, үстеу сөздердің құрамында ол жігі ажырамастай түбір морфемамен қатар қарастырылады. Басқаша айтқанда,

осы туындының өзі жалғанған сөзімен бір тұтастықта үстеу болып кетеді. Сондықтан да осындай құрылыста келген үстеулердің табиғаты талданғанда, кірігіп кеткен сол тұтастық қалпы есте сақталады. Талданып отырған бұл көрсеткіш те көбінесе үстеу сөздердің өзіне жалғанып, мезгілдік қатынаста жұмсалады. Мысалы: Дәті шыдамаған Байсал кейін бұрылып, **шетке** шығып кетті (29.1). Қалада бәле ұлғайып, жер де айқай, көк те айқай боп кеткен соң «тәк-тәкпен» **зорға** ұстап қалдық (175.2).

Сондай-ақ бұл сөзжасам зат есім, сан есім, есімдік және сын есім сөз таптарына да жалғана береді. Мысалы: Жаңағы түйінді Абай қоса отырып, Жаңылмен **бірге** шешті (551.2). Базаралы Сейітті аяғаннан **зорға** шыдап тұрған (694.2).

-дан, -ден, (-тан, -тен).

Үстеу сөз табын жасауда шығыс септік жалғауы да айрқыша мәнге ие болады. Бұл көрсеткіш те (шалқасынан, етпетінен, жүресінен...) бір кезде шығыс септігі болып танылғанымен, қазірде осы тәріздес сөздерде солармен біте қайнасып, үстеудің міндетін атқарып тұрады. Бұл құбылыс түркі тілдерінің заңдылықтарында да айтылады. Қазіргі түрік тілінде шығыс септік формасынан ажыратылған үстеу мәніндегі сөздер кездесе береді: бірден, бастан...¹

Қазақ тілінің материалында осындай жолмен жасалған үстеулер әр сөз таптарының негізінде құралады. Ең алдымен бұл көрсеткіш үстеулердің өзіне жалғанып, негізінен алғанда, мезгілдік және амалдық мәндерде келеді.

Мезгіл: Қазір аттарды доғартпастан **тезінен** ар жаққа жөнелу керек (321.2).

Амалдық мәнде: Екі стражник Базаралыны иығынан жұлқып жіберіп, **шалқасынан** бір түсіріп, сәтте **етпетінен** салып, қамшымен тартып-

¹ Ефимова Л.С. О некоторых аспектах проблемы наречия в современном турецком языке (Вопросы тюркской филологии). М. 1966. 119-120 стр.

тартып жіберді (397.1). Көбінше **шалқасынан** жатады (577.2). Дәрмен сырт киімін тастап, бешпентшең күйде, жаңағы әйел отырған орынға **жүресінен** отырып, еңкейе берді (544.2). Қазір аттарын доғартпастан **тезінен** ар жаққа жөнелу керек (321.2).

Зат есім арқылы. Мұндағы үстеулер де, көбінесе амалдық мәнде жұмсалады: Абайша сүңгимін-деп, саяз жерге **етпетінен** жата қалды (140.1). Сондықтан да барлық ортажатақ, басжатақ Ертіс суын жаңағыдай алып, ішіп жатыр да, кесел дерт обаның қазасына **белшесінен** батып жатыр (439.2).

Сын есім арқылы: Өз орнынан атқып тұрып, оларға: «жол бос» дегендей, қаусырма есікті **кеңінен** ашып жіберіп, тұра қалды (525.2). Қолынан қан саулап жүрген Дайырды Әбді қақпа аузында белуардан бір теуіп, сыртқа қарай шаң қаптыра **жалпағынан** түсірді(550.2). Баймағамбет пен Абай арбалы күйде осы базарға жағалап келіп, шеттей тұрып халықтың сырт көрінісін **көлденеңнен** бақылап тұр (338.2).

Сан есім арқылы: **Бірден** адасамыз (111.1). Бұрын келген ақындар күндіз **екіден, үштен** оңашаланып, өзара өлеңдерін оқысқан (388.2).

Есімдік арқылы: Өздігінен осы іске **неліктен** бекіндім дегенді аңғартқандай (90.2).

-ман, -мен.

Үстеу сөздердің құрамында келетін көмектес септігі жалғауының (-ман, -мен) сыры да жоғарыда талданған -ға, -ге, -дан, -ден қосымшаларымен бірдей түсіп жатады. Бұл қосымша да көбінесе үстеу, зат есім сөздерінің құрамында келіп, жаңа реңктегі үстеулерді жасауға қатысады. Мұндай үстеу сөздер, негізінен алғанда, мекен, мезгіл, амалдық мәндерді білдіреді. Мысалы: Біраз дауысын өзгертіп, Мағаш пен Дәрменге қырындап, қиғаш көз тастап отырып, кейде ашудан **жыларман** болып та, ойнақыланып сөйлеген (220.2). Дәл **жүрерменде** Абайға жанашыр қамқор болғансып, екеу-үшеуі қосылып, «келелі» бір сөз салды (303.2).-Аш

есігінді!-деп, көнелеу кішкене есікті **құлатарман** болып, қатты соққылады (370.1).

Үстеу сөздердің өзінен: бермен, әрмен, ертемен, артығымен. Мысалы: Ой, сандалма **әрман!** Одан да ана Байдалының жауабын айт (60.1). Тәкежан жұрт бұдан **арман** сөйлесе сөйлесуден мүлде үркіп қалды (93.2). Оны да арзан бағалап **артығымен** сыпырады (123.2). Келесі күні **ертемен**, ыстық, ашық сәске шақта Абай Ертістің арғы жағасына таяу жүргіншіні өткізетін үлкендеу бір жел қайыққа кеп мінеді (325.2).

Зат есім арқылы: Баймағамбетке есік жақты **көзімен** белгі етті (410.2). Хазірет те жаңағы соқырдың қоршау қосарларын аңғарып, бұл адамға **ілтпәтпен** қарады (425.2). Ал келген жендеттерін ең **алдымен** маған жіберіндер (124.2). **Алдымен** көшкен солар болды да, өзге Бөкеншілер де еріксіз тартып кетті (63.1).

Есімдік арқылы: Мәкен дауы **осымен** аяқталды (541.2). Өйткені қауым, халық атаулы **түгелімен** бұның айтқанына иланды (467.2).

-дай,-дей. Бұл аффикс үстеу сөз табын жасауда кеңінен қолданылады. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік түбірлі сөздерге қосылып, әр мәнді үстеулерді жасауға қатынасады. Мысалы: Осылайша ойда жоқтан көп жүректен атылып шыққан әділ ашу, қалың елді көптен бері қазаға ұшыратып жүрген қанды-ауыз қасқырды, інінің аузында ойран салып, **масқаралай** жазалады (513.2). Өз елінің жуандарын Уақтың көп момын еліне жығып берген куәлігінен кейін, ол Абайды **сырттай** мақтай жүретін (526.2). Абай Мағаш айтты деген сөзді енді **тамашалай** тыңдайды (560.2).

Осы аффикстің шығу төркіні жайында түркологияда әр түрлі пікір бар. Мәселен, Н.К.Дмитриев мұны дек формасымен байланыстырады¹.

Ал А.Н.Кононов бұл аффикстің негізін көмектес септігінің формасынан іздестіреді².

¹ Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. С.115.

² Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка С.285.

Зат есім арқылы: Абайдың көңіліне Смағұлдың жаман сөзі **зілдей** тиді (71.1). Өзі де сол бір Саржан бойындай жердегі паромға **қаршығадай** атқып берді (502.2). Жиренше Әйгеріммен **ауыздай** сөйлесіпті (317.1). Шаруамды жайлап болған соң, **екі күндей** әдейі Мағаш билік айтып жатқан бер жақтағы Сүлейменнің үйіне бардым (558.2). Соның ар жағынан, алтын арай, жақын таң, түн түнегін **азадай** серпілтіп, баяу көтеріп жеңіп келе жатқандай (598.2). Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі **бақташыдай** бағып, танып өскен (9.1). Абайдың көңіліне Смағұлдың жаман сөзі **зілдей** тиді (71.1). **Сағымдай** құбылып, **сабындай** бұзылып іріп шіріп өте барады ма? (525.2).

Сын есім арқылы: **Тірідей** жерге көміп, жерге сонымен қағамын (690.2). Тым құрыса «аттысы атты, жаяуы **жаяудай** жабыла қуалады»!- демесін (452.1). Соны кейде ән мен домбыраға қосып айтса, кейде Сеит қарадай төгілтіп, есіп сөйлеп, ағызып айтып берді (686.2). **Тірідей** қара жерге көмдіріп тынасың ба? (102.2). Артына **қорқақтай** қарап, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді (5.1). Абай болса қазір өзін анық **аурудай** сезеді (317.1).

Есімдік арқылы: осылай, бүкілдей, анадай жерде, пәлендей. Мысалы: Аралтөбедегі Әйгерім ауылының декабрь ортасында шұғыл ойланып, байлаған байлауы **осылай** болды (552.2). Мағаштың қазасын Ырғызбай, Олжай дейтін аталас, жуан рулар адамдарының қарсы алуы **осылай** (592.2.).

Кейде есімдік негізді үстеулер –дай көрсеткішінен кейін –да қосымшасын қабылдайды. Мұндайда салыстырма, амалдық мәндегі үстеулер енді мезгілдік ұғымда жұмсалатын болады. Мысалы: Құнанбай **мұндайда**, ойдағы жұмысына күмілжімей, тұпа-тура кірісетін (81.1). Ақ тулы, көк тулы, ала тулы деген төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жігі **осындайда** көрінетін (37.1).

-ша, -ше. Бұл аффикс те үстеу сөз табын жасауда тілімізде кеңінен қолданылады. Салғастыру мәнінде көптеген сөз таптарына жалғана береді: қазақша, меніңше, әзірше, жаңаша, әйелше, еркекше т.б. Мысалы, Жұман өзі **текеше** тасқа отырып апты (389.2). Бұл үй қора-жайды тегі **қалаша** салмаған (388.2). Көзінің сыртқы шарасы томпақтау және **ұзынша** біткен (217.1). Барған соң, **басқаша** боп бар (196.1). Дәрмен болса зерек көңілімен **өзінше** топшылады (289.2). Ол намысты және **әйелше** ойламай, **еркекше**, тіпті, сол еркектер үшін де өздері ойлайтын (227.2).-Жауабы **әзірше** біреу-ақ па деймін, аға...-деп Әбіш ойланып, іркіліп сөйледі (216.2.). Ол **орысша** да сөйлеседі деп ойласты (187.2.). Мұндай жалқау еңбекке **осынша** көп берген сендердің құдайың мырза!-деп Апанас қалжыңдаған (190.2). **Айтуларыңша** жаңағы атаған үйлеріңді білем ғой, тегі кәрілер мен бала жағының шығыны көп пе, қалай? (301.2). Үйден алып шығу болсын, бәрін де бұл үшеуі қалай жетелесе Абай **балаша**, не бір есі ауған **жанша** үң қатпай ере береді, көне береді (595.2). Зейнеп **мұсылманша** оқыған (599.2). Жасы ұлғайған соң оқу себептө кей сөзді Абайдың **бұларша** дәл **орысша** айта алмағанын екі гимназит кешермейді (564.2).

Түркологиялық әдебиеттерде бұл аффикстің шығу тегі шақ сөзімен байланыстырылады: бүгінше-бүгінгі шақта. Мезгілдік мәнде жұмсалған сөздерде бұл пікірдің дұрыстығы аңғарылады.

-лап, -леп. Бұл аффикс үстеу сөздердің құрамында өте жиі қолданылады. Құрамы жағынан етістік сөз табын тудыратын –ла және көсемшенің –п жұрнақтарынан тұрғанымен, бұлар осылайша -лап) өзара жымдасып, бір бүтін болып кірігіп кеткен. Осыған орай да бұл аффикс осы қалпында үстеудің арнайы бір сөзжасамы болып табылады.

-лап аффиксі ең алдымен үстеу түбірлі сөздердің өзіне жалғанып, амал, сондай-ақ мезгіл мәндерде жұмсалады: Баймұрын скрипкасын алсын және Мусабайдың келіншегіне **оңашалап** сәлем айтсын (187.2).Қалайда жұрт

жиналатын орынға **әдейілеп** ешкімді шақырмаса да, Абайдың енді барып түсіп, сөйлей түсуі даусыз қажет (335.2). Ішінен «мынау қол **туралап** ұра қалса жазым етер» деп тез ойлай қап, шапшандығына салды (626.2).

Зат есім арқылы: Бұл жолы Ербол Хамутовты **паралап** келген сияқты (402.1). Олар **сақылдап, қарқылдап, сықылықтап** маз бола күлісті (53.2). Енді төлер пұлы жоқ, берімсек нашардың бәрінен ақшаға **орайлап** мал алып жатыр (123.2). Оның үстіне осы Оразбай қаланың тілмаштарын да **паралап** алып қойған (269.2). Екеуі **кезектеп** сөйлейді (309.2). Лезде алып соғып, арбаға салып, бірталай уақыт шапқылатып жүріп, үнсіз күйде **соққылап, тепкілеп** жазалайды (349.2).

Сан есім арқылы: Әйтеуір сол жеңге мен Ербол **екеулеп** отырып, Тоғжанға Абайдың бар өлеңін естіріпті де, ақырында, бір жол жүз көрісуге көндіріпті (171.1). Сөйтіп **біртіндеп** қалаға үйретіп, сабаққа үңіліп, жатақхананың тәртібіне мойындатты (330.2). Одан да өзін шақыр, өзін де алып кел, **үшеулеп** отырып сөйлесейік, - деді (318.1).

Сын есім арқылы: Маған несіне кісі салып, **жіңішкелеп** сөйлесіп отыр? (319.1). Батыр бітімді Манастың бұл сөзі Салтанат пен Абайға тұрпайылау тисе де, оны бар **сыпайылап** айтқан осы еді ((414.1). Абай баласының **майдалап** айтса да, туралап сынап отырған әзілқойлық ажарына жұмсақ қарап, қоса күлді (526.2). Тіпті болмаса, **әдемілеп** сүт пісіріп беріңіз (174.2).

Есімдік арқылы: Бұлаң салып, қараушыны өзіне тартып, «мұнда, **мұңдалап**» шақырғандай (432.1).

Үстеудің осы тұлғалы түрінде де сатылау құбылысы байқалады. –лап қосымшасы түбір негізгі сөздерге кейде бірден жалғанбай, басқа бір аффикстер арқылы үстемеленеді. Бұл ретте аралық дәнекер ретінде әсіресе -ша, -тын т.б. көрсеткіштері ие болады: Дөң жағалауға қарай бұрылған соң-ақ мұның көңілінен күдіктің бәрі **біртіндеп** арыла берді. Тағы да

Жиреншені бастық етіп, Ербол, Оспан, Ғабитхандарды алып, Абай **күйеушілеп** аттанды (318.1).

-рақ, -рек. Бұл қосымша үстеу түбірлі сөздердің өздеріне жалғанып, олардың бұрынғы мәндеріне қосымша реңк беріп тұрады: мекендік, мезгілдік ұғымдардың мөлшері жалпылай айтылмай, саралана түсіп кішірейтіңкіреген түрде көрсетіледі. Мысалы: Бөжей өлді де, тартыс сырттай қарағанда **азырақ** іркілгендей болды (155.1). Ат үстіндегі әйелдер топ боп **кейінірек** келе жатыр (148.1). Аздан соң бұл екеуі **көбірек** әңгімелесіп, Қарабас **шетірек** қалды (118.1). Осы көштердің алдында Сүйіндік, Сүгір, Жексен және басқа да кәрі-жастан жирыма шақты кісі **оқшауырақ** келеді (50.1). **Ертерек** қасқа бола бастаған кең, биік маңдайы ашық көрінеді (106.2). Қайта, болыс болмай **сыртырақ** отырса, бар Тобықтыға өз әмірі **молырақ** жүрмек (263.1). Ал Абайдың бала қонақтарының ішінде осы екі топ кедей-кепшік балаларынан **басқарақ, өзгерек** көрінетін екі жуан қара бала және бар (536.2).

-лау,-леу аффиксін –рақ,-рек түрінің синонимі деп арауға болады. Өйткені екеуі де кішірейтілген түрдегі салыстырма мәнінде жұмсаладыұзында-ұзынырақ. Романнан мысалдар келтірейік:Ол сөзерді **әдепсіздеу, тұрпайылау** көрді (329.2)

-сыз, -сіз аффиксі есім мәндес сөздерге жалғанып, негізінен алғанда, амалдық мәнде жұмсалады. Мысалы: Абай ендігі жайды туыстарымен **даусыз, талассыз** мүмкін болса, тіпті, **үнсіз-ақ** атқарыспақ (289).Тегі жақындарының қазасы кезінде ғана **амалсыз** кездеседі (416.2). Абайдың үстіне екі егде адам **рұқсатсыз, хабарсыз** кірді (480.2). Айттырып қойған қалыңдығына бес түйенің малын төлей алмай, міне, жасы отыз беске келгенде **панасыз, үйсіз** жүр (121.2.). Сіздің өзіңіз **ықтиярсыз** сол көп арыздарға көңіл бөліп, жаманшылық, жауыздықпен алыспақшы боп, осы араға келіп отырсыз (277.2). Науқас келесі үш күн бойында, ұдайы **ессіз** жатты (487.1).

-ы,-і. Жұрнақтың бұл түрі де үстеу құрамында аз кездеседі. Көбінесе үстеу сөздердің өзіне жалғанып, мезгіл және амалдық мәндерде келеді. Мысалы: Арманын, жесір қалғанын, ерте айрылғанын айтып, бәйбіше жылап, жұртты егілдіре түсті де, **ақыры** саябырлай барып тоқтады (150.1).-Ғажап, адам деген адамға **дәйімі** зұлымдық етсем деп өзеурейді (531.2).

-шаң,-шең аффиксі зат есімдерге жалғанып, амалдық мән білдіретін үстеу сөз табын туғызады. Мысалы: Шеш дағы етігінді **байпақшаң** кел, Көрейін өз сорымнан ұстап алса (328.2).

-нау, -неу. Аталған тұлға етістік түбірлі сөздерге жалғанып, амал мәнді үстеулерді туындатады. Мысалы: Забедейшілер, өздері анық тауып ұстап алған қанды мойын кісі өлтіргіштерін **көрінеу** босатты (470.2). Енді оба науқасы да қалада **көрінеу** саябырлай берді (471.2).

-би (префикс). Үстеу сөздер жоғарыда талдағанымыздай, көбінесе сөз соңында қосымша жалғану арқылы жасалса, кейде префикс (сөз алдындағы қосымша) тәсілімен де қолданылады. Бұл ретте би префиксін атауға болады. Мұның өзі бей түрінен ықшамдалған. Себебі –би түрімен келген сөздерді бей формасымен де айта беруге болады. Мысалы: Абай бұларды **беймазалап** оятқаны болмаса, ұрысып қажаспайды (401.1). Самат халфенің терезесінен таспен ұрып, үй ішінің ішін **бейберекет** шошытып кетеді (347.2).

-ыртын, -іртін. Бұл жұрнақ есім мәнді сөздерге жалғанады да амал мәнді үстеулерді жасауға қатынасады (астыртын, үстіртін). Мысалы: Оразбай Әзімбай мен Тәкежанға **астыртын** жансызын жіберіп, Абайлардың не әзірлігі, не ниеті бар екенін білдіргелі отыр(672.2). **Астыртын** шеп біріктіріп жатқан елдің дақпырты тәрізді (125.1).

-қары, -кері. Аффикстің бұл түбір зат есімді сөздерге жалғанады да, мекендік ұғымды үстеулерді жасайды. Мысалы: Бірақ мен ол істен сыртқары қалдым (538.1) Абай әке тәрбиесінен **сыртқары** кетті (263.2).

Жоқ, Әбіш, сен бұл тұста **ұшқары** айтасың (527.2). Ең ақырында өзінің бұған берілген әмір дәрежеден **тысқары** әрекет еткенін сәл айыбы есебінде мойнына алды (374.2).

Л.С.Ефимова –қары,-кері аффиксін көне барыс септігінің қалдығы деп түсіндіреді¹. Алайда қазіргі әдеби тілімізде сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай (тысқары отырды, ішкері кірді) енді бұл қосымша бір тұтас ажырамастай жаңа сөз тудырушы тәсілге айналып кеткен.

¹ Ефимова Л.С. О некоторых аспектах проблемы наречия в современном турецком языке// Вопросы тюркологии МГУ. 1966. С.117.

II. Қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған үстеулер

Үстеулердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы тілімізде кеңінен орын алса, синтаксистік (аналитикалық) жолдары да көптеп ұшырасады. Синтаксистік жолдар дегенімізде, негізінен алғанда, екі сөздердің қатынасуынан жасалған үстеулерді түсінетін боламыз. Мұндай сөздер тіл заңдылығына байланысты бірде қосарлана жұмсалса, енді бірде бірігу жолына түседі. Сондай-ақ кейбір үстеулер екі сөздің қатарласа жұмсалуды негізінде жасалады. Үстеулердің осы тәріздес жасалу жолдары қазақ тіл білімінде бір сөзбен күрделі сөздер деп аталып жүр.

1. Қосарлану арқылы жасалған үстеулер

Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған үстеулер. Үстеулердің аналитикалық жолында екі сөз қатарласа қолданылып, әр мәнде жұмсалған осындай сөздерді туындатады.

Сондай-ақ, қосарлана қолданған үстеу сөздер шығу тегі жағынан әр сөз табынан өрбіп жатады. Ал құрылысы жағынан қосарланған үстеулер бір сөздердің қайталануы арқылы (келе-келе, бара-бара, жүре-жүре) берілсе, енді бірде екі түрлі сөздің қосақтала айтылуы негізінде (эне-міне, кеше-бүгін, мәре-сәре) өз көріністерін табатын болады. Жинақталған материалдар осындай жолдармен жасалған үстеулердің әдеби тілімізде мол қолданылатынын байқатып отыр. Аталған екі жолдың қайсысында болса да көбінесе түбір сөздер қайталана айтылады.

Қосарлана қолданған үстеу сөздерді өзара үш түрге саралауға болады: толық мәнді қосарланған үстеу сөздер, бір сыңары мәнді, екінші сыңары мәнсіз қосарланған үстеулер, екі жақты қосарланған үстеулер.

Екі сыңары да мәнді қосарланған үстеу сөздер. Екі жағы да толық мәнді қосарланған үстеулер бір түбір сөздердің не болмаса екі түбір сөздің

қосақтала айтылуы негізінде жасалады. Қайсысы болса да әдеби тілімізде көп қолданылады.

Бір түбірлес сөздерден қосарланған үстеулер. Мұндай үстеулер сөз табы жағынан көбінесе үстеудің өзінен болады да, сондай-ақ басқалары арқылы да (зат есім, сан есім, еліктеуіш сөздер) беріледі.

Бір түбірлес үстеу сөздердің қосарлана айтылуы көбінесе мезгіл, мөлшерлік, бейнелік мәндерді туындатады. Мысалы, Ұзын-ұзын ақ сойылдар **кезек-кезек** қағысып, сарт-сұрт тиіседі (62.1). Сол даладан көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, **ұзақ-ұзақ** қарайды (7.1). ...бетін **қайта - қайта** сипап жүріп кетті (461.2). Абай **енді-енді** ғана анықтап тәуір бола бастаған сияқты (40.1). Егін ішіне кірерде Асан інісіне **қайта-қайта** айтып келеді (182.2). Келесі күні, түс кезінде үш-төрт дуанның болыстары, жуандары, ұлықтар түсетін ақ үйлер жаққа **жалтақ-жалтақ** қарасып тұрды (270.2).

Бір түбірлес қосарланған үстеу сөздер белгілі бір жұрнақтардың қатынасуы арқылы да жасалады. Мұндайда жұрнақтар сол қосарланған үстеулердің екеуіне де бірдей, кейде біреуіне ғана (соңғысына) жалғанады. Ондай жұрнақтардың бастылары төмендегідей болып келеді.

-ша, -ше жұрнақты қосарланған үстеулер. Мұндай үстеулер сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай амал және салыстырмалық мәндерде жұмсалады. Бұл жұрнақ кейде қосарланған үстеулердің соңғы сыңарына ғана жалғанады. Мысалы: Біртоға, кесек мінезі бойынша, осы көңілін **өле-өлгенше** сақтаумен көрге бірге әкетемін деп сенуші еді(24.1).

-тын,-тін жұрнақты қосарланған үстеулер. Зат есім, сан есімді түбір сөздерге жалғанған бұл жұрнақтар мезгіл мәнді үстеулерді туындатады. Мысалы: Көрші үйден осы қозылардай оқушы балалардың да жамыраған үні Абай құлағына **оқтын-оқтын** естіліп қалады (364.1). Осы кезде Қамқаның да, Қодардың да көздерінен үнсіз жастар **біртін-біртін** сорағытып ағып отыр еді (22.1).

Осындай құрылыстағы үстеулер кейде –сын,-сін жұрнағымен де алмастырылып айтылады: Көзінен шын жас, зар жасы **бірсін-бірсін** ағып жатыр (150.1).

Жұрнақтар арқылы келген қосарланған үстеулер бір түбірлес сөздердің болымды, болымсыз түрде де қолданылуы арқылы жасалады. Бұл ретте қосарланған үстеулер жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз, жанды-жансыз түрінде келеді.

-лап,-леп жұрнақты қосарланған үстеулер. Мұнда жұрнақ үстеулердің екінші сыңарына жалғанады.Қосарланған түбір үстеулер көбінесе үстеуден, сан есімдерден болады: отыз-қырықтап, бес-бестеп. Мысалы: **Аз-аздап** ұйқы тынышталып, асқа қарап келеді (487.1).

-ма, -ме жұрнақты қосарланған үстеулер. Бұл жұрнақ үстеулердің алғашқы сыңарына жалғанып, оқиға-әрекеттің орындалуындағы дәлдікті, жедел болған істі айқындап көрсетіп тұрады. Үстеулердің негізі көбінесе зат есімді сөздерден болады: ауызба-ауыз, бетпе-бет, жүзбе-жүз, көзбе-көз, қолма-қол т.б. Мысалы, Енді Тәкежан мен Ысқақ, бұрынғыша, **бетпе-бет** отырып сөйлеспейді (339). Немесе, өзім **жүзбе-жүз** сөйлесем бе? (346). Ол сол ойын дағдылы ісшілдік, ширақтығымен **қолма-қол** іске асыруға асығады (438.2). Үшеуі де **жүзбе-жүз** келгенде, Абайдан ығып жүретін туыстар (204.2). –Абай аға, өзіңізге **ауызба-ауыз**, онаша айт деген Шәкенің сәлемі бар еді!-деді (205.2).-Жалғыз-ақ өтінішім, бұдан әрі **көзбе-көз** отырып сөйлесейік (244.2).Құмаштың үйіндегі Абайға дәл сол сәттің өзінде, Есентай мен Сейсеке Байды Оразбай **қолма-қол** жұмсап жөнелтіп салды (356.2). Оның үстіне **күнбе-күн** табыс болмаса да, оқта-текте азын-аулақ кірісті Дәмежан мен Жәбікен де табады екен (299.2).

Қосарланған бір топ үстеулер септік жалғауларының негізінде жасалады. Бұл ретте әсіресе, кеңістік қатынастағы септік жалғаулары жұмсалады. Олар қосарлана айтылған үстеулердің бір сыңары құрамында біте қайнасып, әр мәндік құбылыста қолданылады.

-ға, -ге.. тұлғасындағы қосарланған үстеулер. Бұлар негізінен алғанда, көмекші есім сөздерге жалғанып, амал мәнін білдіреді. Септік жалғауының көрсеткіші екінші сыңарда болады. Мысалы: Құнанбай аулынан жан-жаққа қарай **үсті-үстіне** шапқыншылар ұшыртып кетіп жатыр (63.1).

-да, -де тұлғалы қосарланған үстеулер. Бұл қосымша зат есімді түбірге жалғанып да, көбінесе мезгілдік мәнді білдіреді: баз-базда.

Қосарланған үстеулердің септік формасында келген түрленінен, әсіресе, шығыс, көмектес қалпындағылары жиі ұшырасады. Бұларды өзара саралай көрсетсек, олардың құрылысы төмендегідей болып келеді.

-дан, -ден тұлғалы қосарланған үстеулер. Үстеудің бұл қосарлы түрінде аталған қосымша бірде алғашқы сыңарына жалғанса, енді бірде керісінше екінші сыңарына үстемеленеді. Алғашқысында көбінесе амалдық мәнде жұмсалады. Мысалы, қарадан-қарап, көптен-көп, ашықтан-ашық, турадан-тура, өзінен-өзі, құрдан-құр. Ондай көп ұлы бар тоқал **өзінен-өзі** өр боп кететін әдеті (47.1). Сармоллаға ара түсіп, өзінің де оған айтқанын Абай жасырмай **ашықтан-ашық** халыққа білдіру шарт екенін атады (335.2).

Осындай құрылыста жұмсалған үстеулер кейде түбір мен қосымшаның аралғында басқа бір жұрнақтарды салып айтылады (кұнасыздан-кұнасыз, жазықсыздан-жазықсыз). Ал мына төмендегі сөйлемдерде қосарланған үстеулердің берілуі керісінше, яғни, қосымша екінші сыңардағы үстеуде болады. Ондай үстеулер көбінесе сан есім (екі-екіден, бес-бестен), және басқа сөз таптарынан (тез-тезден, тұс-тұстан, өзі-өзінен) бола береді. Мысалы, Ай батқан, жұлдыздар да сиреп, **бір-бірден** сөніп жатыр (215.1). Төрт қасқырды **екі-екіден** байластырып, екі бөліп сүйрете отырып, қоймен бірге ауылға жеткізді (412.2). Он үй- **отыз-отыздан** үш жүз кісі түсетін үй болмақ (194.1). Жасы қырыққа келіп те білім іздеп, **өз-өзінен** ізденіп, ғалым болып шыққан кісілер бар екен (2i0.1). Батыра шалғын жасаушы үш

жолдасы жаудың қолы әлі жылқыға араласпай тұрған кезде, ояу отырған қалың елді жаудың **тұс-тұсынан** қаптатып қоя берді (627.2).

-ман, -мен тұлғасындағы қосарланған үстеулер. Бұл қосымшаның қолданысы да жоғарыдағы тәріздес болып келеді, яғни, ол бірде алғашқы сыңарға қосыла айтылса, енді бірде екінші сыңармен біріге жұмсалады. Мысалы, Жинақы боп, топталып көшпей, бытырап, ен жайылып, **бет-бетімен** келеді (48.1). Абай көш бойында салт атпен **топ-тобымен** өтіп жатқан ел кісілерін көріп келеді (6.1). Қоңыраулары шылдырап, үлкен күймелер тройкалары **лек-легімен** келді (635.2).

Осы қосарланған үстеулердің екінші жолы әдеби тілімізде молырақ қолданылады. Олар көбінесе зат есімді түбір сөздерді талғап, амал мәнінде жұмсалады. Мысалы: Абай көш бойында салт атпен **топ-тобымен** өтіп жатқан ел кісілерін көріп келеді (6.1).

Сөзжасам аффиксі қосарланған үстеулердің бір сыңарына ғана жалғанса, кейде екі сыңарына да қатарынан қосыла береді. Мұндайда қосарланған үстеулердің құрылысы көп жағдайда –дан,-ға (шығыс-барыс септіктері) түрінде келеді. Ауылдан-ауылға, қолдан-қолға, ауыздан-ауызға. Мысалы: Ауыр апат хабарлары май айының алғашқы күндері бойында **ауыздан-ауызға** көшті (803.2). **Үйден-үйге, ауылдан-ауылға** өзі әнші, өзі балуан, өзі мінезді Сеит бар таныс жақындарына аса қадірлі боп жүрген (686.2).

Бір түбірлес қосарланған үстеу сөздер көсемше формаларының қатысуы арқылы да жұмсалады. Бұл ретте көбінесе оның –а, -е, -й, -п тұлғалары қатынасады.

-а,-е тұлғалы бір түбірлес қосар үстеулер сөйлем ішінде келу ыңғайына қарай көбінесе мезгіл, себеп, амал мәндерінде жұмсалады. Мысалы: Сонымен екі інісі екі жаққа **бақыра-бақыра** жөнелісті (71.1). Намыскер егіншілер мен Шодырлар анық бес мырзаны **ұшыра-ұшыра** домалатты (269.2). –**Қорқа-қорқа** тапқаның осы ғой! (51.1). Олар бөгелместен үлкен

қайықшының дегенін орындап, ескектерін көтеріп алысып, жағаға **секіре-секіре** түсті (358.2).

-й тұлғалы қосарланған бір түбірлес үстеу сөздер амалдық мәнді білдіреді: Мысалы, шыдай-шыдай, аунай-аунай, шұлғи-шұлғи. Романның мысал келтірейік: **Шыдай-шыдай** жүріп, бар бейнетін, көресісін бір-ақ жиып, көзіне жас алып отырып айтса да, жылы жауап естімеген (587.2). «Тап солай» десіп, бастарын шұлғи-шұлғи иланып еді (169.2).

-п тұлғалы бір түбірлес қосар үстеулер де амалдық мәнде келеді: Ол оқ боы ұзап кетіп бара жатып, өз-өзіне ерік беріп, **өксіп-өксіп** жылап келе жатыр (34.1). –Не көрдің?–десіп екеуі де бастарын жастықтан **жұлып-жұлып** алысты (454.1). Жігітектерді **сүйреп-сүйреп** алып шығып жатыр (67.1).

Осылар тәріздес бір түбірлес көсемшелерден қосарланған үстеулердің жасалатынын өз кезінде проф. Н.К.Дмитриев, сондай-ақ қазақ тіл білімінде А.Ысқақов та көрсеткен болатын¹.

Екі түбірлес сөздерден қосарланған үстеулер. Қосарланған үстеулер екі түбірлес сөздердің қатар айтылуы негізінде де жасалады. Бұл ретте олар түбір қалпы жағынан әр сөз табынан бола береді. Солардың бастылары төмендегідей болып келеді.

Үстеу+ үстеу. Осындай модельмен жасалған үстеулер бүгін-ертең, қысы-жазы, күні-түні тәріздес түрлерінде жұмсалады. Бұлардың қайсыбірін кейде орнын алмастырып айта беруге де болады. Мысалы, **Қысы-жазы** тынымсыз жүк тартуда (681.2). Абай жатқан үйге **ертеңді-кеш** көп кісі келеді (410). Көктемге шейін **күндіз-түні** кітап оқуға салынды (104.1). Құран аударған молдадай **ілгері-кейін** теңселе беріп (11.1). Қала тігіншісі тіккен ұзын қара мауыт бешпетінің қалтасына қол салып, **әрлі-берлі** тік басып жүрді (99.2). Ақы алмасаң **қысы-жазы** ас ішіп, күн көріп отырғаның кім? (120.2.). Әбіш те **ертелі-кеш** соны

¹ А.Ысқақов Қазіргі қазақ тілі.Морфология Алматы. 1991ж.

айтысып, тына алмай жүр (129.2). Жылқы болса **күндіз-түн** қыр отына жайылып жүргендіктен, енді ылдиға қарай, шалғын-сібер іздеп, ұмтыла түсті (191.2).

Зат есім+зат есім: көл–жоса, көл–көсір, қоян–қолтық, ұлан–қайыр, алма-кезек т.б. Мысалы: Арада тағы да әлденеше көкқасқа айтып, күндіз-түн **көл-көсір** қып мал сойып, ұзақ қызық көріп жаты (162.1). Россияға баяғыдан қосылғанына, **қоян-қолтық** келіп, күнделікті құшақтаса араласып отырғанына қарамай, әлі күнге татар қауымы мен орыс өнірінің арасында тас қабырға тұрғандай (529.2). Үшеуі тегінде Алматы мен Семейді **алма-кезек** айтысып, салғастырумен болысатын (581.2). Арада үш күн өткенде, Абайға келіп-кетуші жұрттың саны **ұлан-қайыр** болды (545.2).

Сын есім+сын есім: ала-құла, ашық-тесік т.б.

Екі түбірлес қосарланған үстеулердің жасалуы белгілі бір жұрнақтар арқылы да жүзеге асады. Ондай жұрнақтар үстеулердің бір сыңарына, сондай-ақ екі сыңарына да қатар жалғанып отырады.

-сыз,-сіз жұрнақты қосарланған үстеулер. Бұл жұрнақ бірде қосарланған үстеулердің екінші сыңарына жалғанса, енді бірде екеуіне де бірдей үстемеленеді.

-шаң,-шең жұрнақты қосарланған үстеулер. Екі түбірлес қосарланған үстеулерді жасауға, сирек болса да, осы жұрнақ та қатысады.

-лы,-лі жұрнақты қосарланған үстеулер. Қосарланған үстеулерді жасауда бұл жұрнақ активті қызмет атқарады. Өйткені мұның жоғарыдағыларға қарағанда қосарланған сөздерде қолданылу аясы өте кең де жан-жақты келеді. Мысалы, бұрын-соңды, ілгері–кейінді т.б. Бес жүз қол Оразбайдың ауылдарының үстінен, дауылдан бетер, селден ауыр әлек салып, **арлы-берлі** өтті (696.2). Жоғарыдағы төрт жігіт, Қодар денесін қаумалап, **ілгерілі-кейінді** толқытып тұрып, бір кезде тастап жіберді (30.1)...**Шикілі-пісілі** домалатып, қылғып салып отыратын талай пәле

басы атқамінерлер болады (38.1). Ер азамат **атты-жаяулы** түгел, ұлық үйлеріне жетсін! (395.1).

-лап, -леп жұрнақты қосарланған үстеулер. Жұрнақтың бұл түрі қосарланған үстеулердің екі сыңарына да бірдей жалғанып, мөлшер және амал мәндерінде жұмсалады. Үстеулердің негізі көбінесе сан есім және зат есімдермен беріледі.

-А, -е, тұлғасындағы қосарланған үстеулер сөйлем ішінде көбінесе амалдық мәнде жұмсалады. Мысалы, іле-шала, асыға-аптыға т.б. Мағаш соған **іле-шала** әзіл айтты (760.1).

-II тұлғасы арқылы жасалған қайталамалы қос түбірлі үстеулер әдеби тілімізде кеңінен орын алады: ағызып-тамызып (әкелді), айналып-толғанып (сөйледі) т.б. Мысалы: Білмек керек, аңдап баспаса, **асығып-аптығып** килігуге болмайды (316.1). Зарлаған кедейлер айқай салып, **қарғап-сілеп** малдарына жабысып жүр (127.2). Ол осы заманның ұлығы мен бегін айтқан, **сынап-мінеп** айтқан сөздер (43.1).

Бір сыңары мәнді, екінші сыңары мәнсіз қосарланған үстеулер.

Қосарланған үстеулердің бұл тобы мәнді қолданыстары жағынан бір сыңары толық мағыналы болып келсе, екіншісінің мағынасы солғындау түрде жұмсалады. Мұндай құбылыс ондағы сөздердің дыбысталуы жағынан деформацияға ұшырауы негізінде болады. Ал бұл заңдылық көбінесе екінші қанаттағы сөздерден орын алады.

Осы таптағы қосарланған үстеулерде болатын дыбыс алмасу заңдылықтарын негізге ала отырып, оларды шартты түрде үш салаға жіктеуге болады.

1)Қосарланған үстеулердегі дыбыс алмасу заңдылықтары алғашқы және екінші сыңардағы сөздердің бастапқы дыбыстарының алмасуынан байқалады: былқ-сылқ басып келеді, мәре-сәре болды. Мысалы:Өзен жағасына келсе, Оспан, смағұл бастаған көп кішілеу балалар салқын,

мөлдір суда асыр салып, шулап, ойнап, **мәре-сәре** боп жатыр екен (140.1). Майбасарды **қаға-маға**, Пұшарбайды айыра берді (68.1).

2) Енді бірде дыбыс алмасу көрінісі керісінше осындай үстеулердің екінші дыбыстары негізінде болады: жалтақ-жұлтақ, жапыр-жұпыр т.б. Мысалы, Осымен қалың топ **жапыр-жұпыр** бірнеше рет айқасты (62.1). Қайың сойыл, қара шоқпарлар екі-үш-ақ рет **айқыш-ұйқыш** тиісті (265.1). Өңшең балуан денелі әдейі іріктеліп алынған содыр жігіттер, кейбіреулері сирақтан, жоннан осып-осып, **сатыр-сұтыр** ұрады (439.1).

3) Ал осы үшінші жолында қосарланған үстеулердің екінші сыңарының бастапқы дыбысы артық түсіп жатады. Осындай қолданыстың өзі үстеу сөздердің бір сыңары мағыналы, екіншісі мағынасыз болуына әкеп соғады. Мысалы, әрі-сәрі жауап берді, өте-мөте, егіл-тегіл т.б. Көздерінен шын өкініш жастары **ағыл-тегіл** шығады (56.1).

Талданып отырған үстеу сөздерге редупликациялық жолмен жасалған түрлерін де жатқызуға болады. Бұл ретте қосарланған үстеулердің алғашқы сыңары, күшейткіш мәнді білдіретін сөз бөлшектерімен беріледі. Бұлардың көрінісі былайша болып келеді: ап-аман, әп-сәтте, теп-тез, таң-тамаша т.б. Мысалы, Көлденеңнен киліккен жігіттердің аттары **әп-сәтте** ойнап шыға берді (66.1).

Міне осы тәріздес қосарланған үстеулердің алғашқы сыңарларына назар аударсақ, олардың өзі айқындай жұмсалған сөздерден ықшамдалып қысқартылғанын байқаймыз.

Редупликациялық жолмен жасалған қосарланған үстеулерде алғашқы бөлшек ешуақытта жалаң, өзі жеке қолданылмайды. Олар, негізінен алғанда, амал, сондай-ақ мезгіл мәндеріндегі үстеулермен қосарлана жұмсалады. Мысалы, Абайдың көңіліне Тоғжанның шолпысы шылдыр-шылдыр етіп, **ап-ашық** естіліп бара жатқан сияқты. Жұрттың бәріне де бұл жай **оп-оңай** танылды (68.1). Марғұланды бау-бақшалы бір жайда **жап-жақсы** тұрып жатырмыз (447.2). Бәрін **қап-қатар** өсіріп қойған қай

күдай!?-деді (581.2). Тайдай арлан бөрімен **шаппа-шап** ұстасып өлердей жағаласқаны, табжылтпай ұстап өлтірткені- бәрі де бұл өңірде, бұл заманда болмаған балғын азамат қасиеті боп тарады (83.2).

Екі сыңары мәнсіз қосарланған үстеулер.

Қосарланған үстеулердің енді бір тобы мәндік қолданыстары жағынан түсініксіздеу болып келеді. Бұлардың әрқайсысы жеке тұрғанда ешбір мәнге ие бола алмаса, қосарланған түрде ғана белгілі бір ұғымды білдіреді. Мұндай үстеулердің құрылысы төмендегідей болып келеді: Ертеңді-кеш **ағыл-тегіл** қымыз сапыртады(131.1). Бұл кезде үш жылқышы **ұмар-жұмар** түскен-ді (98.1).Мағаш соған іле-шала әзіл айтты(760.2). Шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде **ыю-қию** араласып жатқан сияқты (8.1). Сайлауға жиылған қалың елді ұлықтар үйінен кейін серпілтіп, **алқа-қотан** отырғызды (49.1). **Оқта-текте** бәйбішесі Күнкенің қасында болады (40.1). **Анда-санда** Айғыз да кеп естуші еді (104.1).Тек жүргеі сағыныш, налыс сазын шерте тыңдап, тірлік әмірі **ұйқы-тұйқы** бұзып жіберді (470.1).Көздерінен шын өкініш жастары **ағыл-тегіл** шығады (56.1). ... адамдары да кешкі мезгілде **ыю-қию** араласып жатқан сияқты (8.1).

Сонымен жинақталған материалдардың жіктелуіне қарағанда, тілімізде алғашқы қосарланған үстеулердің қолданысы жиірек екендігі байқалады. Мұндай қосарланған үстеулер бір түбір сөздердің қайталануы, сондай-ақ, екі түбірлес сөздердің қайталануы негізінде беріліп отырады. Бұлардың қасысы болсын өз мағыналық дербестігін сақтайды. Ал қосарланған үстеулердің екінші қанаты фонетикалық өзгеріске ұшыраса, ол, сөз жоқ, өзінің мағыналық дербестігін солғындатып, алғашқы толық мәнді үстеумен селбесе айтылады.

2. Бірігу арқылы жасалған үстеулер

Үстеулердің енді бір тобы сөздердің бірігуі арқылы жасалады. Бірігу арқылы жасалған үстеулер табиғаты жағынан бірдей болып келмейді. Кейбір үстеулердің құрамындағы жеке сөздер өзара тығыз байланысқа түсіп, түбір құрамын айқындауда қиындық туғызатындай бір бүтін болып кірігіп кетеді. Мәселен, «бұратала келдім»дегендегі бұратала үстеуінің бастапқы толық түрі көбінесе ауызекі тілге тән болып жұмсалады. Үстеу сөздердің бірігуіндегі заңдылықтарды ескере отырып, оларды өзара екі топқа жіктеуге болады: кіріккен үстеулер және біріккен үстеулер. Кіріккен үстеулердің құрамындағы жеке сөздер деформацияға ұшырайды, не болмаса бір сыңары фонетикалық өзгерістерге түседі. Мәселен ең нағыз кіріккен үстеулерге биыл, бүгін, былтыр тәріздестер жатады. Мысалы, Әдейі **бүгін** бір үйші кеңесті оңаша сөйлесейін деп, Мағаш, Әбіштерді осында шақырдым (285.2). Соны **былтыр** сөз етіп, Жалпақ деген жерде болған Семей уезінің «Шербешнайында» Көкеннің елі арыз қылған (607.2). **Былтыр** ғана соны еткен Өтеп **биыл** аяй ма? (120.2). **Әнеүгүні** екі қозыны қасқыр тартты (121.2).

Ал біріккен үстеулерге келетін болсақ, бұлар екі сөздердің еркінірек түрде бірігуі арқылы жасалады. Олар құрамы жағынан көбінесе екі түрлі сөз табының бірігуі, сондай-ақ бір сөз таптарының бірігуі арқылы да жасала береді. Әр мәнде жұмсалатын үстеу сөздердің құрамын сөз таптары жағынан саралай келгенде, олардың көрінісі төмендегідей болады. Бұл жерде бір ескертетін жайт-кейде біріккен үстеулердің сөз табы жағынан құрамын айқындауда қиындық та туып жатады, өйткені олардың бір сыңар түбірі өз мән-мағынасы жағынан әр сөз табына да ауытқып отырады.

Зат есім+зат есім. Үстеулердің бұл жасалу жолы мағыналық жағынан амал, мезгілдік ұғымда жұмсалады да, құрылысы жағынан, былайша

болып келеді: жайбарақат, енжар, аракідіріс т.б. Мысалы: Осындай іші бір жақта, сырты бір күйде болған, аса бір қиын, **енжар** күйде Абай қайнына аттанды (178.1). **Жайбарақат** еркін отырып, тақымын да қыспастан тебініп қалғанда, ақ тай секіріп мөңкіп кеп кетті (146.1).

Зат есім+сын есім. Мысалы, Өй тәйір, **басыбүтін** беріп тұрған жоқ, ұста мынаны деп бүркітті жігіт қолына қондырды. Келген ақындардан Абай **күнұзын** сұрау салумен болған-ды (285.2.).

Зат есім+үстеу. Енді бір үстеулердің екінші сыңары үстеу сөздердің өзімен беріледі: таңертең. Мысалы, Бүгін **таңертең** Абайға болыстың атшабары келіп бір топ хат, қағаз әкелді (277. 2).

Енді бір топ үстеу сөздер мағыналық жақтан сын есімдердің қатысуы арқылы жасалады. Бұл ретте үстеу сөздердің екі қанаты да сын есімнен болса, кейде бір ғана қанаты сын есім болып келеді. Қалай болған күнде де үстеулердің жасалуында сын есімдердің қатысы барлығы байқалады.

Сын есім+сын есім: Қыс суығы 50 градус, **жаздыгүні** құмды бораны керуен адастыратын Семей... (332.2). Сол биыл **қыстыгүні** жалғыз баласы өлгеннен кейін, келінімен жақын бопты дейді (21). Жер жағдайымен **күздігүні** өз қыстауларына қарай көшкенде, Құлыншақ ауылы Құнанбайдың қасына кепті (216.1).

Үстеу сөздердің жасалуында сан есімдер да айрықша қызмет атқарады. Мұндайда сан есімді сөз алғашқы сыңарда жұмсалып, екіншісі әр түрлі сөз таптарынан болады. Сан есімдердің ішінен бірінші сыңарда әсіресе бір, екі сөздері жиірек ұшырасады.

Бір сөзі арқылы жасалған үстеулердің екінші сыңары төмендегідей қолданыста болады.

Сан есім+ зат есім. Кей жерлерде, аз үйлерден сыртырақта, өз бетіне **бірқатар** боп, қоңыр үйлер орналасқан (523.1). Әбіш келгенде сол Оспанның қаралы жылын аза тұтқан жақын, туыс, тілеулес ауылдар Ералыда **бірыңғай** боп іріктеліп қалған екен (168.2).

Сан есім+ сын есім. Бірақ сонда да ол өз күйіне **бірқыдыру** үйренісіп қалған сияқты (400.1).

Сан есім+ есімдік. Ең ақыры Түсіптен ол аңдаған **бірнеше** дерек алды (484.2). **Бірдеңе** қып өтермін,-деді (173.1).

Сан есім+үстеу. Мұндай құрылыста келген үстеу сөздер басқаларына қарағанда жиірек ұшырасады. (біржола, бірталай, бірсыдырғы) Мысалы: Соның жалпақ табаны басқа жерге бас қоям ба,- деп намаз жайын **біржолата** қылжаққа сала бастады (90.1). –Мейлің, кеттім, **біржола** кеттім сенен!-деп бір-ақ кесті (450.1). Онда да **бірталай** жатамыз (240.1).

Сан есімдік құрылыстағы үстеулер екінші сыңардың шылау болып келуімен де беріледі: біршама, ендігәрі. Бұл соңғы үстеу кейде ауызекі тілде екіншігәрі түрінде де жұмсалады, демек, екеуі синонимдік қатар құрайды. Мысалы: Бір бидайды сындырсақ әжем жібермейді **ендігәрі!**-дейді (183.2.). Жарықтығым, **ендігәрі** Абайды бұндай жерге бастай көрме... деді Ұлжан. **Ендігәрі** бірде-бірін шертпеңіз (337.1).

Енді біраз үстеулер етістік сөздерінің қатынасуы арқылы жасалады. Олар үстеулердің екі қатарында да, сондай-ақ біреуінде ғана жұмсалатын болады.

3. Сөз тіркестері арқылы жасалған үстеулер

Тілімізде көптеген үстеулер сөз тіркестері арқылы жасалып отырады. Бұл ретте сөздердің тіркесе айтылу қабілеті де әр түрлі болады. Бірінде үстеу сөздердің тіркесі еркін түрде болса, енді бірде олар тұрақтылық қалпын сақтайды. Осыдан барып олардың қайсыбірі фразеологиялық топтарды да құрайды. Ал енді бір үстеулердің алдынан қосалқы сөздер қоса жұмсалып, оларға күшейтпелік мән беріп тұрады. Мұндай күшейткіш үстеулер ең, нақ, аса, тім, тіпті, өте т.б. түрлерінде келеді де, өзінен кейінгі үстеу сөздердің мәнін нақтылай (нақ биыл, нақ бүгін), кейде

тіпті асыра (аса жоғары, аса биік, аса төмен) көрсетіп те тұрады. Күшейткіш мәнді сөздер кейде тіпті күрделі үстеулердің жасалуына ұйытқы да болып отырады. Ең алдымен, ең әуелі, ең басында, ең аяғында, ең ақырында, ең кемі, әуелі, ең алғаш. Мысалы, Абай **ең алдымен** селт етіп, Әйгерімге қарап ес жия бергенде, өзі де күліп жіберді (326.1). **Ең әуелі** үлкейгендік бөгет емес екенін айтты (280.1). **Ең аяғында** Абай өзі бір тұспал, болжал жасады (312.1). **Ең алғаш** Тоғжанды көргенде осы өзеннің бас жағындағы, анау алыста көкшіл тартқан Түйеөркеште көрген(313.1). Түнде Ділдәның жетегімен көп артық сөздерді сөйлеп келіп, **ең ақырында** өтірік те айтқан (429.1). Олай болса **ең әуелі** ауылдан «недоимке», «қарашығын» сұрап қайта келмейсіңдер (126.2).

Бір топ үстеу үстеулердің жасалуында кейбір сөздер ұйымдастырушы ұйытқы болады. Мұндай сөздердің алғашқы не соңғы сыңары бір сөздерден беріліп, олар күрделі үстеулерді жасауға бірден-бір себепкер болып тұрады. Бұл ретте күрделі үстеулердің бір сыңары әр түрлі сөз таптарымен беріледі де, әр мәнде жұмсалған үстеу сөздер жасалады. Мәселен, алғашқы сыңары әр есімдігі арқылы мекен, мезгіл мәндеріндегі күрделі үстеулер пайда болады: әр жақта, әр жерде, әр кезде, әр күні, әр уақытта т.б. Осы тәріздес белгілі бір сөздердің ұйытқысы арқылы жасалған үстеулердің көрінісі былайша болып келеді:

Әр	жақта
	жерде
	заманда
	кезде
	күнде
	уақытта

Мысалы, Соны **әр кезде** Абайдың қасында отырып, көшіріп алады (743.2). Беті-түсі айқын болмаса да, **әр заманда**, **әр жерде** күңіреніп, қайғы шеруін тартып жатқан кәрі әжесі сияқты көп жасаған, көп қайғыны

көрген үлкен бір шері бар (44.1). Бірақ **әр жолында** Абылғазы бұның күткенін айтпайды (464.1). **Әр кез** әр мырзаның қосалқысы (326.1). Оразбайдан осы Сеит көргенді **әр түрде, әр күнде** көрмегенің бар ма еді?-деп айналаға көпке қаратып, енді ызалы сөзін суық түрде қабай түйіп, қысқарта жиып алған еді (511.2).

Осы тәріздес күрделі үстеулердің жасалуында ұйытқы сөз ретінде бір, екі сан есімдері де қатынасады. Мысалы, бір ауыздан, бір жерде, бір жеті, бір күнде, бір мезгіл, бір құшақ, бір кезде, бір елі, бір сәт т.б. Мысалы: Көп ауыл өзді-өз малымен **бір күнде** қозғалмақ (751.1). Ол осындай сөздермен **бірер күн** Мәнікені сөйлетіп өзін оның алдында «бейқам»етіп жүрді (309.2). **Бір күні** Әбіш өзінің саушылығын реніш етті (560.2). **Бір ауық** ол Абай Пушкинді аударыпты, Лермонтовтың көп өлеңін қазақшылап айтыпты дегенге елеңдеді (643.2). Үлкендердің әңгімесі әр саққа соғып кеп, **бір кезде** заман мен заман арасын салғастыруға ауысты (281.1). **Бір мезгіл**, «көріп кел»сәуегей балгерше бір-ақ түйіп, кесек байлау айтты (465.1). Салдар Үмітейге ерген қыз-келіншектердің тобын толтырып, қасынан **бір елі** айрылысқан жоқ (445.1). Әмірдің қарт шеңгелінде енді **бір сәт** болса.... (449.1). Кедейлер **бір ауыздан** дауласа кетті (20.2).

Екі сан есім сөзінің ұйытқы болуы арқылы мына тәріздес үстеулер жасалады: екі елі, екі алуан, екі етпей. Мысалы, Өзі Абайдың қасынан **екі елі** қалмайды (582.1). Құнанбай осымен **екі ұдай** боп отыр (274.1). Сонда, Оспан **екі алуан** боп ойға келеді (169.2).

Күрделі сөз тіркесті үстеулердің қалыптасуына зат есімді сөздер де айрықша қызмет атқарады. Жаз сөзінің қатынасуымен: жаз айы, жаз бойы, жаз күні, ала жаздай. Мысалы, Жігіттер **жаз бойы** көргенде, не көрді? (251.1). Бір жол емес, бір күн емес, осы **ала жаздай** масайрап кеткенің қалай?-деді (335.2).

Осы тәріздес күн сөзінің қатынасуымен күн ілгері, күн ұзаққа, күн бойы, күні ертең, күні кеше, күні бүгін, күн сайын үстеулердің сөз

тіркестері жасалады. Мысалы: Соған қарамай баласымен екеуі **күні бойы** шөпті тасып, қораға үйіп те болыпты (548.2). Шыңғыс асып, **күн бата** Шалқарда отырған Ұлжан аулына жеткенде ...(314.1). ...**күн сайын** екі рет атырапқа естіртіп, жар шашып отырған жоқтаушылар Ырғызбай ғана емес, тірі Ырғызбайға да көп еңбек етіп отыр (169.2).

Ал көш сөзінің ұйытқысы ретінде мөлшер мәндік үстеулер қалыптасады: көш бойы, көш жер, көш құлаш, көш ілгері. Мысалы, Оның әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті **көш бойы** да Абай айтқыза беретін болды (41.2). **Көш бойында**, ауыл үстінен өтсе, немесе бөгде жүргіншілер жанынан өтсе, қаралы көштің қара жамылған осындай қыздары дауыс айтатын салты (145.1).

Түн сөзінің ұйытқы болуы негізінде мезгілдік мәнді білдіретін үстеулі сөз тіркестері жасалады: түн ауа, түн бойы, түн жамыла. Мысалы: Ендеше Дайыр **түн бойы** Ертіс жағасында, сол қашқындарды алып кеткен қайықшыны тосушы болады (479.2). Ел құлақтанбасын деп, болыс кеңсесіне **түн ішінде** әкеліпті (265.1).

Жоғарыдағы тәріздес сөз тіркестері арқылы жасалған үстеулердің құрылысына кейде жұрнақтар да қатысады. Мұндай жұрнақтар алғашқы ұйытқы сөзге жалғанып, өзінен кейін басқа сөздердің де қолданысына түрткі болады: жазға салым т.б.

Осы тәріздес ал етісітігінің меңгеруінде амал және мезгіл мәндеріндегі күрделі үстеулер пайда болады алдын ала, соңын ала, артын ала, астын ала т.б. Романнан мысал келтірейік: Қазір ол ешкімге **алдын ала** ақылдаспаса да, өз көңілімен Тәкежандар ниетінде зорлық пен надан әдеттер барын аңғарған (246.2).

Күрделі үстеулерді жасауда бойы көмекші есімі де айрықша қызметке ие болады: жыл бойы, қыс бойы, күз бойы, түні бойы, күні бойы, кеш бойы, жаз бойы т.б. Мысалы: **Жаз бойы** Тоғалақ ішінде Сейіт осы өлеңін үдете түсті (686.2). Көп ауыл **түн бойы** қотандарын атпен күзетіп айқай-

шумен таңды-таңға ұратын (40.1). Биылғы өткен **қыс бойы** Абай неше алуан «тәпсірлерді» мерік етіп, жалғыз табандап қадалғаны-орыс кітабы еді (635.1). Абай **күз бойы** өзінше бір оқшау, жалғыз болған (260.1). Күнұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден **оқ бойы** алда отырған (4.1). Дәрмен **кеш бойы** аз сөйлеп, Абайдың әр балаға аға болып және ақырын барлай қарап отырғанын байқаған еді (567.2). **Бір жұма бойы** сол құранды екі аударып шықты (236.1). Содан шапқылап отырып, беттеріңді аңғарлап, **бір шай қайнатым бойы** үзбей айқайлап келе жатыр едім!-деді (478.1).

Жақ сөзінің негізінде мекендік мәндегі күрделі үстеулер туындайды: ар жақ, бер жақ, сол жақ, оң жақ т.б. Мысалы: Ол **ар жақта**, Затондағы пароход грузчиктерінің арасында жиі болады екен (437.2). Үлкен бұйымынан **оң жақта** әдемі сүйек төсек тұр (182.1). **Бер жақтан** қайтып, досының пәтеріне Абай енді бір келгенде, есікті Михайлов өзі ашты (425.1). Сонымен **ар жақ, бер жаққа** Ертіс пен Қарасудан өтіп, ерсілік-қарсылы жүрген жаяуларды тасиды (299.2).

Күрделі үстеулердің осы жолында да жұрнақтардың қатынасы кездеседі: ақырғы рет, соңғы рет, бірінші рет, екінші рет. Мысалы: Абай **бірінші рет** осы арада «енді өлсе де болады-ау, жетті ғой. Өлсе де нетер», - деп те ойлады (701.1). **Екінші рет** қазіргідей қыстау-қыстауға айырыла көшерде әкелетін (47.1). Жайлаудағы көп ел жиылып, Зерені **соңғы рет** естеріне алды (237.1).

Сонымен, күрделі үстеулер осылайша мағыналық жақтан үйлесе жұмсалған екі сөздердің тіркесуі негізінде жасалады.

Белгілі бір сөз тіркестері арқылы жасалған үстеулер сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай әр түрлі мағыналық ыңғайда жұмсалады. Күрделі үстеулердің осылайша қолданысын өзара саралай жіктесек, олардың көріністері төмендегідей болып келеді.

Күрделі үстеулердің бір тобы сөйлем ішінде мезгілдік қатынаста келеді. Мұндай мән жеке сөздердің лексикалық мағынасынан да айқын байқалады.

Мезгіл мәнді күрделі үстеулер олардың бір сыңарына жұрнақтар жалғану арқылы да жасалатын болады. Бұл ретте олар күрделі сөздердің алғашқы не болмаса соңғы сыңарына жалғанады. Ал енді бірде кейбір жұрнақтар екі сөзге де бірдей жалғанып келеді. Мәселен, -ғы жұрнағы қатынасқан күрделі үстеулердің құрылысынан осындай заңдылықты байқауға болады.

Күрделі үстеулердегі мезгілдік мән септік жалғауларының қатынасуы арқылы да беріледі. Басқаша айтқанда, сөз тіркестері арқылы жасалған үстеулердің құрылысына септік жалғауларының да әсері болады. Септік жалғаулы сөздердің әр түрлі қолданыстары оларды меңгере жұмсалған сөздердің табиғатымен де тығыз байланысты келеді. Мәселен, жуық, таман, салым көмекшілері өздерінен бұрынғы сөздердің барыс септігінде тұруын талап етіп, мезгілдік қатынастағы үстеулерді туындатады: таңға жуық, жазға салым, күзге салым т.б. Мысалы: **Жазға салым**, қой қоздар кезде сауын айтылған (189.1). Демек, септік формаларының қай сыңардағы сөзге жалғанатындығы ондағы үстеулердің меңгеру-меңгерілу қабілеттерімен тығыз байланысты.

Осы тәріздес құрылыстағы негізгі үстеулер өзін айқындай айту қажет болғанда, барыс септік жалғауы екінші сыңарға жалғанады: әлі күнге, осы күнге. Романнан мысал келтірейік: Абай **әлі күнге** Ділдәмен тіл қатысқан жоқ (186.1). **Осы күні кешке** Абай ең алғаш рет қалыңдығын көрді (185.1).

Күрделі үстеулердің енді бір тобында жатыс септік жалғауы қатынасады. Бұл форма екінші сыңардағы көмекші есімдерге жалғанып, мезгілдік ұғымды одан сайын саралай түседі. Мысалы: Сондай бір шақтарда, **ақпанның басында**, бүркеп жауып тұрған қарлы борасын

ішінен бір белгісіз жан келді (69.2). Сөйтіп ол Алматыға **сентябрьдің аяғында** аттанған еді (535.2). **Май айының орта кезінде** Ақшоқыдағы Абай ауылында Әбіштің сүйегін тосып алған жұрттың жиыны қалың еді (601.2). Аралтөбедегі Әйгерім ауылының **декабрь ортасында** шұғыл ойланып, байлаған байлауы осылай болды (552.2).

Күрделі үстеулер шығыс септік жалғауының қатынасуымен де жасалады: әуел бастан, екі бастан, таң сәріден, бағы заманнан, қақ қасымнан т.б. Мысалы: Енді бір бел ассақ, менің жауым жат емес, **қақ қасымнан**, жақынымнан шыққалы тұр екен ғой!... деп ойлады (164.2). Ол **таң сәріден** атына мініп, әзір болмаққа уәде байласты (190.2.).

Күрделі үстеулердің мезгілдік қатынасында шылау сөздер жұмсалса, олар негізгі үстеулерді меңгереді де, осыған орай шығыс септік жалғауы алғашқы сол негізгі үстеулерге жалғанатын болады: баяғыдан бері, бұдан әрі, бұдан былай, сәлден кейін, әлден уақытта т.б. Ол екеуіне **бұдан әрі** де бір ауыз сөз жоқ (489.2). **Бүгін түстен бері** сол аталған іргелес қалың елдер жайлауына бір үлкен бүлік араласты (161.2). Және екі баланы құшақтап сүйіп, үй ішімен бірге жыласып отырып, **бұдан былай** үнемі жәрдем бермекке серт еткен (93.2). **Аздан соң** ет желінді (282.1).

Кейде күрделі үстеулер сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай мөлшерлік мәнде де жұмсалады. Екі есе, бірінші рет т.б. Тұрқы ұзын, бойы биік қара көк ат Базаралының тақымында **екі есе** көркейген (72.2). Көп жылғы үйреншікті дағдысы бойынша Абай соңғы екі күнгі оқшау отырысында **бірнеше рет** қағаз, қарындаш сұрап алды (128.2).

Күрделі үстеулердің басқа мәндік құбылыстарға қарағанда сөйлем ішінде амалдық мағынада жұмсалуды жиі ұшырасады. Мұның өзі бір жағынан үстеу сөздердің негізінен алғанда, амалдық сипатымен тығыз байланысты болса, екінші жағынан олардың қандай сөздермен тіркесе жұмсалудымен де астарласып жатады.

Күрделі сөз тіркестерінің жасалуында фразеологиялық сөз тізбектері де айрықша мәнге ие болады. Мұндай тізбектер тілдік құбылыста жиі қолданылатындықтан да, тұрақты тіркеске айналып, фразеологизмнің қалыптасуына ұйытқы жасап отырады. Солардың қайсыбірі күрделі үстеулерді жасауға да қатысады. Фразалық қолданыстағы осындай үстеулердің қайсыбірі тіпті сөйлемдік құрылыста жұмсалады: бетегеден биік, жусаннан аласа, ақай жоқ, ноқай жоқ, елден ала бөтен, белшесінен батты т.б. Сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай мұндай тіркестер белгілі бір сөйлем мүшесінің ғана қызметін атқарады. Шарифат та жөнге, шынға қарайтын шығар, **ақай жоқ, ноқай жоқ**, көрінгенге бұйда бере бермес (17.1). Сондықтан да барлық ортажатақ, басжатақ Ертіс суын жаңағыдай алып, ішіп жатыр да, кесел дерт обаның қазасына **белшесінен** батып жатыр (439.2). Кешегі күні сені «жау» деп, Жігітекті айдап салып, **тал түсте** қосынды талатқан Оразбайдың дұспаны сен едің (164.2). – Жаным-ау, **айрандай аптап, күбідей** күптеп болды ғой (45.1).. **Көз ұшында** шалқар көш боп боп қиқулап «қош, қош» айтқандай боп қалықтап, бір топ тырна кетті (49.1).

Бұл тәріздес сөйлемдік құрылыстағы фразалық үстеулер көбінесе амалдық мән білдіреді. Тұрақты сөз тіркестерінен жасалған үстеулердің құрылысында жұрнақтар мен көнеленген септіктердің де қатысы болады. Бұлар тіркесті сөздердің бір сыңарына жалғанып, күрделі үстеулердің туындауына жағдай жасайды.

Күрделі сөздің алғашқы сыңарына –дай,-дей жұрнағы жалғанып, амалдық мәнді білдіруге себепші болады. Ботадай боздап, жегідей жеп.

Осындай амалдық мән шығыс септік жалғауының қатынасуымен де беріледі. Бұл тұлға көбінесе фразалық қолданыстың алғашқы сыңарына жалғанады. Бесенеден белгілі. Мысалы: «Жаман ырым» анау-мынау дегенге қарамастан, **қаннен-қаперсіз** өтірік жылауды үдетіп:- Ойбай бауырым, Қодар!-деп санып сабап шауып келді (37.1).

Шығыс септік формасы енді бір қолданысты екінші сыңармен тіркесе жұмсалып, мезгілдік мәнді білдіреді: аяқ астынан.

Тұрақты тіркесті күрделенген үстеулердің көпшілігі ешбір қосымшаларсыз-ақ екі сөздің қатар тұруы арқылы да жасала береді. Бұлардың да біразы амалдық мәнде келеді: құр қол (алақан) келдім. Мысалы: Базар сыртындағы екі қабат қоңыр үйдің қақпасынан Дәрмен **құр қол** шыққанда, Абай енді Баймағамбетке асыға сөйлеп, тағы бір жайды атады (416.2).

Тұрақты тіркесті үстеулердің мезгіл мәнді білдіретін түрлері де кездеседі. Мысалы, Кім істегені белгісіз, әйтеуір, **жеті түнде**, барлық жұрт ұйқыдан жатқан шақта ояз жатқан үй лау етіп өртене бастады. (60i.2). Үш қайықшыны **жеті түнде** тұрғызып алысқан (490.2). **Бір сүт пісірім ішінде** жүзге тарта жарау сәйгүліктер тегіс ерттеліп болып, бір қол ер-азамат сойыл, найза, шокпар, айбалталарын алып іріктеліп, Көкен тауына бұлкектей жөнеліп ат қойды (612.2). **Іңір қараңғысында** қайыққа мінген жүргіншінің орысы, қазағын да, қаласы, даласын да аңдаған мен жоқпын (359.2). Сонымен, **бір шай қайнатым арасында** Абай, Тәкежан бастаған барлық ұсақ бала тай-құнандарына мініп-мініп ап, желе шауып, шыға келісті (141.1).

Фразалық үстеулердің енді бірқатары мөлшерлік мәнде келеді. Бір атым насыбай, бір жұтым арақ Мысалы: Әр кез, әр мырзаның қосалқысы ән қадірін түсіріп, **бір атым насыбайдай**, арзан етіп еді (326.1). Ырғызбайлар Абай аулынан **адым жерге шықпай–ақ** болысқан-ды (676.2).

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, біз қазіргі қазақ тіліндегі үстеулердің синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалу жолдарын М.Әуезовтің «Абай жолы» романы мысалдары арқылы талдап өттік. Жұмыстың кіріспе бөлімінде қазақ тіліндегі үстеу сөз табы туралы жалпы сипаттама жасады. Сондай-ақ, үстеулердің аналитикалық және синтетикалық сөзжасам жолдары туралы түсінік бердік.

Бітіру мамандық жұмысының бірінші бөлімінде қазақ тілінде синтетикалық яғни морфологиялық тәсіл арқылы жасалған үстеу сөздерді М.Әуезовтің «Абай жолы» романы мысалдары негізінде үйреніп шықтық. Үстеулердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуында негізінен –да, -де, -та, -те, -ға, -ге, -қа, -ке, -дан, -ден, -қары, -кері, -лап, -леп, -дай, -дей жұрнақтары актив қатынасатындығын «Абай жолы» романы мысалдары арқылы анықтадық. Жоғарыда аталған жұрнақтар арқылы негізінен зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу сөздердің өзі арқылы туынды үстеулер жасалған.

Екінші бөлімде, негізінен «Абай жолы» романындағы қосарлану, бірігу және сөз тіркестері арқылы яғни, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған үстеу сөздерді топтастыра отырып үйреніп, талдау жасадық.

Талдаудан байқалғандай, әр тәсілдің өздеріне лайық жасалу жолдары болады. Осыған байланысты мына бір жайтты ескерте кеткіміз келеді. Сөзжасамның кейбір жолдары аталған екі тәсілде де қатынасып отырады. Әрине, олардың сөздерге жалғану сипаты бірдей болмайды: бірінде олар түбір сөздердің өздеріне жалғанса (синтетикалық тәсіл), енді бірде олар сол сөздердің қосарлана айтылуын (аналитикалық тәсіл) талап етіп отырады. Мұндай сөзжасамдар, көбінесе, көнеленген септік жалғаулы сөздердің табиғатынан шығады. Мәселен, мына қолданыстарды қарайық: басында аңғармай қалды, қысы-жазында бірдей жұмыс істейді.

Міне, бұл сөйлемдерде құранды –ында көрсеткіші үстеудің әрі синтетикалық, әрі аналитикалық тәсілдерін жасауға қатысып тұр. Басқа түрлерінде де осы тәріздес жұмсала береді. Мысалы, ол етпетінен құлады, ашықтан-ашық сөйлестім.

Осы тәріздес басы ашық таза жұрнақтардың қайсыбірі де аталған тәсілдерді жасауға бірдей қатынасты болады. Мысалы, үнсіз отыра берді, үн-түнсіз отырды. Кешкісін ораламыз, әлсін-әлсін жауып тұр.

Осы тәріздес жұрнақтардың үстеулердің екі тәсілін бірдей жасауға қатынасуы олардың функциясының кеңдігін айқындай түседі. Сонымен қатар бұл жерде сол негіздердің қолданылуы табиғатын да ескергеніміз жөн. Өйткені кез келген сөздер өз табиғатында бұл аталған тәсілдердің қарамағына түсе бермейді. Олай болса, сөзжасамның қай түрінде болса да түбір мен қосымшалардың өзара үйлестігін, үндестігін қабаттастыра қарауымыз керек. Біздің мұндағы айтып отырған себебіміз- түбір сөздерге жалғанатын қосымшалар солардың табиғи болмысын да таңдап, талғап тұрады. Демек, үстеу сөздердің жасалу жолдарын да осы негізде түсінетін боламыз.

Біз бұл бітіру мамандық жұмысын жазу барысында осы күнге дейін қолданылып келе жатқан оқулықтар мен оқу құралдарындағы үстеулер туралы материалдарды басшылыққа ала отырып, тіліміздің сөздің құрамында актив қолданылып жүрген, сондай-ақ жазушы М.Әуезовтің қаламына тән, стильдік ерекшелігін танытатын кейбір үстеу сөздердің қолданылу жүйесін «Абай жолы» романынан таңдап алынған мысалдар негізінде үйреніп шықтық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы. 1993ж.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері Алматы. 1992ж.
3. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древне тюркских письменности VIII века. Алматы. 1991г.
4. Әуезов М. «Абай жолы» романы. 1-2 тт. Алматы. 1990ж.
5. Балақаев М. т.б. Қазақ тілінің стилистикасы Алматы 1994ж.
6. Бакаев Ч. Язык азербайджанских курдов. Москва. 1985г.
7. Ганиев Ф. Образование сложных слов в татарском языке. Москва. 1982г.
8. Ганиев Ф. Суффиксальное словообразование в современном татарском литературном языке. Казань 1974г.
9. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. М., Л., 1968.
10. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М., Л., 1960.
11. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1999ж.
12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы. 1983ж.
13. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы 1989ж.

14. Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы.1987г.
- 15.Кайдаров Ә.Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы.1998ж.
16. М.Қошғорий Девону луғатит турк. Тошкент 1963й.
- 17.Қсқақов А.Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1992ж.
- 18.Искаков А.Наречие в современном казахском языке. Алма-Ата.1948.
19. Төлеуов Ә.Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы. Алматы.1983ж.
20. Төлеуов Ә Сөз таптары.Алматы. 1990ж.
21. Хозирги узбек адабий тили. Тошкент. 1986й.
- 22 Строй казахского языка Алматы.1991г.
23. Севортян Э. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М.,1966г.

МАЗМҰНЫ:

Кіріспе

1. Үстеулер туралы жалпы сипаттама4
2. Үстеулердің жасалу жолдары туралы.....13

Негізгі бөлім.

1. Қазіргі қазақ тіліндегі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған үстеулердің қолданылуы.....16
 2. Қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған үстеулердің қолданылуы.....29
- Қосарлану арқылы жасалған үстеулер.....29
- Бірігу арқылы жасалған үстеулер.....39
- Сөз тіркестері арқылы жасалған үстеулер.....41
- Қорытынды.....50
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....52